

Біз көптеген сынақтардан
абыроймен өттік, шыңдалдық,
рухымыз бекіді. Біз Ұлы Дала
Елі – жаңа Қазақстанды – Ұлы
даланың жаңарған Елін құр-
дық.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ҚОҒАМ



ОРТАҚ МӘДЕНИЕТ –
ОРТАҚ ТАРИХ

3

ТӘУЕЛСІЗДІК-30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

21.10.2021

Түнде:

+7+9 °C
Көшпелі бұлтты
жауын-шашынсыз

Күндіз:

+18+20 °C
Көшпелі бұлтты
жауын-шашынсыз



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

22.10.2021

Түнде:

+3+5 °C
Бұлтты, жауын-шашын
(жаңбыр, қар).
Жолдарда мұзтайғақ

Күндіз:

+3+5 °C
Бұлтты, жауын-шашын
(жаңбыр, қар).
Жолдарда мұзтайғақ



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



ИНДЕТТІҢ ҚАЙТА ӨРШУІНЕ ЖОЛ БЕРМЕУ КЕРЕК

Шаһар басшысы тұрғындарды екпе салдыруды кейінге қалдырмауға шақырды

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев «Алматы» телеарнасындағы дәстүрлі Akimat LIVE бағдарламасының тікелей эфирінде коронавирус инфекциясының таралу динамикасы туралы айтып, індетті тоқтатудың жалғыз әрі сенімді жолы – вакциналану екенін еске салды.

Қала басшысы КВИ бойынша эпидемиологиялық ахуалдың шиеленісе түскенін хабарлады. Өткен тәулікте COVID-19-дың 312 жағдайы тіркелген. Оның 303-і симптомды. Эпидемия басталғаннан бері 175 434 оқиға, ал жыл басынан бері 156 913 жағдай тіркелді.

2

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

Жаңа тәсіл кең өріс алмақ

Полицияның сервистік моделі Алатау ауданының тәжірибесі аясында ұлғайтылмақ



Президенттің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген міндеттерді іске асыру шеңберінде шаһардың қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде сервистік тәсілді енгізу мәселесі бойынша жұмыс кеңесі өтті.

6

ҚЫСҚА...

- Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай еліміздің үздік 30 ауылы анықталды.
- Алдағы 4 жылда 3,5 мың ауылды дамытуға 670 млрд. теңге жұмсалады.
- Биыл еліміздегі колледждерде тегін кәсіптік-техникалық оқуға 95 мың адам қабылданды.
- АҚШ және Германиядағы Қазақстан азаматтары жаңа төлқұжатты енді 30 күнде алады.
- Мегаполисте әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар көмірмен және киім-кешекпен қамтамасыз етіледі.
- 22 қазан күні Алматы тауларында күндіз жаңбыр мен қар жауып, найзағай ойнайды. Тұман түсіп, көктайғақ болады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

МӘСЕЛЕНІ ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ШЕШУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы азық-түлік бағасының қымбаттауына және ауыл шаруашылығын субсидиялау мәселесіне қатысты пікір білдірді



Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Қарағанды облысына жұмыс сапары аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа сумен қамтамасыз ету жобаларын іске асырудың перспективалары, білім сапасын арттыру, азық-түлік нарығындағы бағаларды тұрақтандыру жөнінде айтылды.

Жезқазған мен Балқаш өңірлерін өркендетуде еліміздің дамыған аймағы саналатын Алматы қаласы үлгі болмақ.

Қасым-Жомарт Тоқаев азық-түлік бағасының қымбаттауына және ауыл шаруашылығын субсидиялау мәселесіне қатысты пікір білдірді.

— Бұл, әрине, әлем нарығында болып жатқан күрделі мәселе. Әлемде барлық тауардың бағасы шамамен 40–50 пайызға қымбаттады. Біздің еліміздегі қордаланған мәселелердің салдарынан азық-түлік қымбаттап отыр. Бұл мәселені шұғыл шешуге қанша тырыссақ та, жағдайды өздеріңіз де көріп отырсыздар. Аталған мәселені жүйелі түрде шешуіміз қажет. Ауыл шаруашылығы саласына қыруар қаржы бөлсек те, азық-түліктің бағасы бөлігін сырттан аламыз. Өзге елдер субсидияның не екенін де білмейді. Білсе де, дәл осындай мол қаржы бөлінбейді. Бір жағынан адамдарды босаңсытып жібердік, екінші жағынан сыбайлас жемқорлыққа жол беріп алдық. Бұл мәселемен түбегейлі айналысуымыз керек. Мен Үкіметке, Ауыл шаруашылығының жаңа министріне міндет жүктедім, — деді Президент.

Президент экологияға және ірі кәсіпорындардың шығаратын қалдықтарына қатысты мәселеге де ерекше назар аударды.

— Біз 2060 жылы карбонизация деңгейін нөлге түсіреміз деп жарияладық. Экономикамыздың ерекшелігін және оның құрылымын ескеруіміз қажет. Энергиялық теңгерімнің 70 пайызы көмірге тиесілі екені белгілі. Біз ертең бәрін жауып тастап, көміртегінен арылдық деп айта алмаймыз. Бұл сіздердің кәсіпорындарыңызға да қатысты. Бірақ 2060 жылға қарай көміртегінен арылу бағыты бойынша жүруге тиіспіз. Әйтпесе, әлемдік дамудың көшінен қалып қоямыз. Бұл негізгі кәсіпорындардың мүддесін ескере отырып, Үкіметке және Мемлекет басшысы ретінде маған да жүктелген аса жауапты міндет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ІНДЕТТІҢ ҚАЙТА ӨРШУІНЕ ЖОЛ БЕРМЕУ КЕРЕК

Шаһар басшысы тұрғындарды екпе салдыруды кейінге қалдырмауға шақырды

(Соңы. Басы 1-бетте).

КВИ дертін жұқтыру базалық болжам бойынша тұрақтануда әрі төмендеуін жалғастыруда. Дерттің төмендеуі қарқыны сақталса, онда айдың соңында жұқтыру деңгейі тәулігіне 300-ден кем болады деп болжанып отыр.

Өткен аптада, алдыңғымен салыстырғанда, үй ошақтарында инфекция 4%-ға, жұмыс орнында 0,9%-ға, туыстармен, көршілерімен және таныстарымен байланыс кезінде 0,6%-ға өсті. Ал қоғамдық көлікте — 4,8%-ға, сауда нысандарында — 1,5%-ға жұқтырудың күрт өсуі байқалады.

Өткен аптада негізгі жұқтыру орындарындағы көрсеткіштер: сауда нысандарында — 35%, қоғамдық көліктерде — 24%, отбасылық қарым-қатынас арқылы — 20% және базарларда — 10%.

Инфекциялық стационарларда 1255 адам, оның ішінде 31 бала бар. Жағдайы өте ауыр — 57 пациент, ауыр — 627, орташа ауыр — 571 науқас ем қабылдап жатыр. РИТБ-де барлығы — 129 пациент бар. 27 науқас — ӨЖЖ аппаратын, 72 науқас — инвазивті емес ӨЖЖ, 20 науқас — High flow аппаратын қолданып жатыр.



Өткен тәулікте бірінші компонентпен 1581 адам, екінші компонентпен 2691 адам вакциналанды. Ағымдағы жылдың 1 ақпанынан 19 қазанға дейінгі барлық кезеңде I компонентпен 981 759 адам, II компонентпен 906 264 адам екпе алды.

Сондай-ақ, Б.Сағынтаев шет елдердегі, соның ішінде дерттің кезекті өсуі тіркелген Ресейдегі жағдайға назар аударды. Сондықтан шаһар басшысы тұрғындарды КВИ пандемиясының өршуіне жол бермеуге, вакцина салдыруды кейінге қалдырмауға шақырды. Вакциналанған әр адам ахуалды тұрақтандыруға және шектеулерді жоюға айтарлықтай үлес қосатын болады.

Санақтан өту — маңызды мәселе



Брифинг барысында Бақытжан Сағынтаев қаланың даму көрінісінің айнасы болған санақ науқанының қажеттілігі туралы да айтып өтті. Шаһар басшысы халық санағы тұрақты дамуға ұмтылған барлық өркениетті мемлекеттерде 10 жылда бір рет өткізілетінін еске салды.

Санақ сауалнамасына елдің әрбір тұрғынының әлеуметтік дамуын көрсететін көптеген мәселелер енгізілген. Жиналған көрсеткіштер негізінде мемлекет халықтың сандық құрамын ғана емес, «сапалық» құрамын да айқындайды, қандай да бір ауданның, қаланың инфрақұрылымын дамытуды болжайды және жоспарлайды.

Алматыдағы әрбір интервьюерге 833 тұрғын бекітілген. Әр сұхбат берушінің планшетіне тек оның учаскесі енеді, ол басқа сайтқа кіре алмайды. Егер интервьюер үй тұрғындарын таппаса, онда ол міндетті түрде оларға телефон нөмірін қалдырады, онда осы отбасының санағын өткізу үшін аталған мекенжайға қайта баратыны әрі қолайлы уақытты келісу жөнінде хабарлама жіберіледі.

Көгалдандыру — көптің ісі

Көшеттерді тегін тарату акциясы қала тұрғындарын көппәтерлі үйлердің аулалары мен жалпы пайдалану орындарын көгалдандыруға тарту мақсатында өткізіледі. Шаған, үйенкі, шегіршін, терек, қараған мен қайыңның көшеттері беріледі. Өтінімдер ағымдағы жылдың 18–31 қазан аралығында қабылданады. Көшеттерді беру аудан әкімдіктерінде жүзеге асырылады. Алматылықтар

«Жасыл қала» акциясының алғашқы екі күнінде 500 көшетке өтінім қалдырған.

Ағаш отырғызу 1–15 қарашаға жоспарланған. Отырғызылған көшеттер кейін фотосесс ретінде жіберілуі қажет.

Жалпы, 2021 жылы 350 мыңға жуық ағаш отырғызу жоспарлануда, оның 64 594-і көктемде отырғызылды. Күзгі кезеңде 285 мыңнан астам көшет отырғызу жоспарланған.

Қаланың жаңа шағынаудандарын көгалдандыруға ерекше көңіл бөлінеді. Ағаштардың басым бөлігі Алатау, Наурызбай аудандарында отырғызылады.

Бүгінде Түркісіб ауданының «Маяк» ықшамауданында 280 түп жапырақты ағаш отырғызылды. ШААЖ және Қарағайлы бордың бойына 8 мыңнан астам ағаш отырғызудың дайындығы басталды.

Туристер қауіпсіздігі

Тікелей эфир барысында қала тұрғындарының сұрақтарына жауап бере отырып, қала әкімі таудағы туристер қауіпсіздігіне маңыз бере отырып, көмек баруы қиын жерлерге модульді құтқару лашықтары тікұшақтардың көмегімен жеткізілетінін хабарлады.

— Шын мәнінде, модульді құтқару лашықтары тікұшақтар арқылы оларды орнату орындарына жеткізіледі. Өйткені, таулы жерлерде көлікпен жүру өте қиын, сондықтан тікұшақтар пайдаланылады, — деді Б.Сағынтаев.

Алматы қаласының әкімі құтқару модульдерін орнату таудағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар аясында жүргізіліп жатқанын еске салды. Осы мақсатта тау жолдары цифрландырылады және абаттандырылады. Сонымен қатар, Шымбұлақта, Медеуде визит-орталықтардың жұмысы іске қосылды. Осындай орталықтар Аюсай шатқалында және Горельник жылу



көзінің жанында ашылды. Мұнда таулардағы қауіпсіз тәртіп бойынша нұсқаулық өткізіледі.

Туристердің қауіпсіздігі үшін ұялы байланыспен қамту аймағы кеңейтілуде, Кіші және Үлкен Алматы шатқалдарында 2 бақылау-құтқару пункті, Тұйық су шатқалында тікұшақ алаңы салынуда, құтқару жасақтарына дабыл беру түймелері бар 10 радиорелелік дінгек орнатылуда.

Бүгінде 15 құтқару лашығының 7 нүктесі орнатылды, олар: «Жоғарғы Горельник», «Тұйық су» мұздығының соңғы моренасы, «Лунная поляна», «Прокходное» шатқалы, «Үлкен Алматы» шатқалы, «Кызылсай шатқалы» және «Сол жақтағы Талғар». Қараша айының соңына дейін олардың тағы сегізін орнату жоспарлануда.

Әр лашық құтқарушылар пультіне сигнал беру үшін «SOS» батырмасымен жабдықталған. Сондай-ақ, лашықтың іші жылытылады әрі мұнда алғашқы медициналық көмек пакеті, ұялы телефонды зарядтау, жылы көрпе және бұзылмайтын өнімдер жиынтығы бар.

Айта кетерлігі, туристердің тау лашықтарын пайдаланған жағдайлары болды. Кейбіреулер бағыттың уақытын немесе өз күшін есептей алмаса немесе ауа райы бұзылса сол жерде қалып, түнейді. Мәселен, Салтанат есімді қала тұрғыны Instagram әлеуметтік желісінде «Пила» шыңынан соң «Прокходное» шатқалындағы лашықта үзіліс жасап, тыныққанын хабарлады.

Құтқару модульдерінің қиын жағдайға тап болған әрі ауа райының қолайсыздығына орай тауда қалған туристер арасында жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында орнатылғанын атап өткен орынды.

Әзірлегендер
Динара МҰРАТ,
Айжан БҮРКІТБАЕВА,
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.





ЖАҒАНДЫҚ КЕҢЕС



ОРТАҚ МӘДЕНИЕТ – ОРТАҚ ТАРИХ

Еуразия мәдениеттерін жақындастыру бойынша IV Жаһандық кеңес өтті



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы, Философия, саясаттану және дінтану институтымен бірлесіп, Мәдениеттерді жақындастырудың Халықаралық онжылдығы аясында ЮНЕСКО-ның іс-жоспарын тиімді іске асыру мақсатында Еуразия мәдениеттерін жақындастыру бойынша IV Жаһандық кеңесін өткізді.

Кеңес өткізудің басты мақсаты – адамзаттың бейбіт өмір сүру проблемаларын шешу жолында жаңа дәлелдер ұсына отырып планетарлық сананы қалыптастыруға қолдау білдіру, сондай-ақ, бүгінгі және келешек ұрпаққа тиімді коммуникациялар мен ынтымақтастық үшін білім мен дағдыларды игеруге жол көрсетіп, оларды әлемнің жауапты азаматтары болуға тәрбиелеу.

Іс-шара барысында Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешев министр Ақтоты Райымқұлованың арнайы құттықтауын жеткізіп, аталған басқосудың саналы мәдениетаралық диалог құндылықтарымен бөлісуге қабілетті дәстүрлі жүйелі білім ұйымы екенін жеткізді.

Екінші болып сөз алған Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Ақан Рахметуллин Сыртқы істер министрлігінің атынан IV Жаһандық кеңесінің отырысына құттықтауын жеткізіп, Еуразия мәдениеттерін жақындастыруға бағытталған басқосудың бүгінде толеранттылық ұстанымына бағытталған жалпы этостың қалыптасу деңгейі екенін айтты.

Одан өзге жаһандық кеңеске Қазақстанның танымал академик, профессорлары мен ғылым докторлары қатысып, ізгі тілектерін ортаға салды. Сондай-ақ, кеңесте әлемнің түкпір-түкпірінен ғалымдар онлайн байланысқа қосылды. Шарада антиядролық қозғалыс сөз етіліп, дүние жүзі бойынша ядролық полигондарды жабу мәселесі қарастырылды.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ,

Алматыдағы ЮНЕСКО қамқорлығымен мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығының директоры:

– Еуразия мәдениетін жақындастыру бойынша IV форум биыл пандемияға байланысты жаһандық кеңес түрінде өтті. Ол жалпы «этостың қалыптасуы тақырыбына арналған: өзара тәуелділік дәуіріне дейін» деген тақырып аясында өрбіді. Аталған кеңес ЮНЕСКО мәдениеттері жинақталуының халықаралық онжылдығын өткізу жөніндегі іс-қимыл жоспарын жүзеге асыруға қосқан үлесін талқылау бойынша өрбіді. Келесі жылы бұл онжылдықтар аяқталады. Сондықтан бұл кеңесті есте сақтауымыз керек. Бұл – әлемнің көптеген елдерінің өкілдері қатысатын халықаралық кездесу. Қазақстан 2000 жылдары ядролық полигонға байланысты ЮНЕСКО-да ұсынған және ЮНЕСКО бағдарламасында белгілі бір дамуға ие болған ортақ идеяны құруға ықпал еткен болатын. Басқосуда азаматтықты тәрбиелеу үшін қоғамдағы өмір сүру мәселелерін шешудің жаңа дәлелдерін ұсыну бойынша бірсыпыра тақырыптар көтерілді.

ДӘРІГЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Алматыда Т.Шармановтың халықаралық сыйлығын салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті



Динара
МҰРАТ

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев Т.Шарманов Қоры Қамқоршылық кеңесінің жиынына қатысты. Жиын барысында денсаулық сақтауды дамытуға елеулі үлес қосқан шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбегіне үлкен баға берілді.

Профессор Төрегелді Шармановты туған күнімен құттықтай отырып, Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев оның отандық денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасуы мен дамуына қосқан зор үлесін атап өтті.

Б.Сағынтаев коронавирус пандемиясына қарсы күресіп жүрген медицина қызметкерлеріне алғыс айтты. Бүкіл қоғамның күш-жігерінің, азаматтардың жауапкершілігінің әрі медиктердің ерлікке толы жұмыстарының арқасында пандемия шегіне бастады.

Қазақстанда Т.Шармановтың Халықаралық қоры 2021 жылғы 16 ақпанда құрылды, оның қызметі денсаулыққа қатысты жалпыға бірдей құқық идеясын дамытуға бағытталған. Қор қызметі аясында Шармановтың халықаралық сыйлығының лауреаттарына марапаттар салтанатты түрде табыс етілді. Алқалы марапатқа алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамытуға қосқан үлесі үшін Джонс Хопкинс университетінің шетелдік ғалымдары Дэвид Бишай мен Майк Шлайф, сондай-ақ қазақстандық дәрігерлер, COVID-19 диагностикасы мен емдеу хаттамасын әзірлеуші инфекционистер – Бақыт Көшерова мен Амангүл Дүйсенова ие болды.

Т.Шармановтың халықаралық қорының миссиясы – денсаулық сақтау және дұрыс тамақтану саласындағы жас және болашағы зор ғалымдардың жобаларын қолдау болып табылады. Бұдан басқа, қор диетологиямен айналысатын әлемдік академиялық орталықтарда мамандардың тағылымдамасына гранттар беруді жоспарлауда.

Т.Шарманов – еліміздегі медицинаның ірі ұйымдастырушыларының бірі, Қазақстан мен Орталық Азия республикаларындағы нутрициологтар мектебінің негізін қалаушы. Ол 1978 жылы Алматыда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен ЮНИСЕФ қамқорлығымен алғашқы медициналық-санитарлық көмек жөніндегі халықаралық конференцияны өткізудің бастамашысы ретінде әлемдік және қазақстандық денсаулық сақтауға зор үлес қосты. Конференция қорытындысы бойынша әлемдік денсаулық сақтаудағы негізгі құжаттардың бірі – Алматы декларациясы қабылданды, онда алғашқы медициналық-санитарлық көмектің ұлттық жүйесін ұйымдастыру тұжырымдамасы алғаш рет баяндалды.

демиялық орталықтарда мамандардың тағылымдамасына гранттар беруді жоспарлауда.

Т.Шарманов – еліміздегі медицинаның ірі ұйымдастырушыларының бірі, Қазақстан мен Орталық Азия республикаларындағы нутрициологтар мектебінің негізін қалаушы. Ол 1978 жылы Алматыда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен ЮНИСЕФ қамқорлығымен алғашқы медициналық-санитарлық көмек жөніндегі халықаралық конференцияны өткізудің бастамашысы ретінде әлемдік және қазақстандық денсаулық сақтауға зор үлес қосты. Конференция қорытындысы бойынша әлемдік денсаулық сақтаудағы негізгі құжаттардың бірі – Алматы декларациясы қабылданды, онда алғашқы медициналық-санитарлық көмектің ұлттық жүйесін ұйымдастыру тұжырымдамасы алғаш рет баяндалды.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Қала шетіндегі көлік, бизнес және әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту бойынша
286 жоба
жүзеге асырылуда.



Бұқтырма көшесінде
570 метрлік
туннельдік өткел салынуда.



«Мектепке жол» акциясы аясында

22 000-нан
астам
алматылық оқушыға
көмек көрсетілді.



«Еңбек» бағдарламасы аясында

800-ден
астам
алматылық
бизнес-идеяларын жүзеге
асырды.



Алматыда
17
конфессия бар.

Газбен жүретін автобустар келеді

Алматы қалалық мобильділік басқармасының мәліметіне сәйкес, қараша айының соңында мегаполиске газбен жүретін 150 автобус жеткізіледі.

Басқарма өкілдерінің айтуынша, сатып алынатын 12 метрлік «Голден драгон» маркалы газбен жүретін автобустардың сыйымдылығы үлкен, төмен еденді және арнайы қалалық жолаушылар тасымалы үшін жасалған. Заманауи стандарттарға толық жауап береді, кондиционерлермен әрі видеобақылау камераларымен жабдықталған. Сыйымдылығы – 150 адам болатын жаңа автобустарда отыратын 30 орын бар.

Тасымалдаушы компания өкілдері атап өткендей, қазіргі кезде қалада 1932 автобус бар. Өлі бір мыңға жуық автобус жетіспейді. Сонымен қатар, жүргізушілер тапшы. «Қазір автобустарды айдайтын жүргізуші бар, егер жүргізуші жұмыстан кететін болса, орнына адам табу қиын», – деп нақтылады компаниядағылар. Бұл мәселені шешу үшін басқарма мен тасымалдаушы компаниялар кешенді жұмыс жүргізуде.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





**Тәуелсіздігіміздің
30 жылында –
Қазақстан үдемелі
даму бағытымен
және жасампаздық
жолымен сенімді
түрде ілгеріліп келеді**

РЕФОРМАЛАР МЕН



Nur Otan партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев сайлауалды бағдарламасы бойынша жүзеге асырылған жұмыстар туралы есеп берді.

Шаһар басшысы атап өткендей, мемлекетіміздің егемендігін қалыптастыру мен оның болашағына деген сенім – Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев 1990 жылдары іргетасын қалаған базис. Бүгінде ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен сенімді түрде жалғасын тауып келеді.

Жетекші күш

Нұрсұлтан Назарбаевтың тәуелсіздік таңында қабылдаған шешімдері жас мемлекетке Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі алғашқы жылдардағы қиыншылықтарды сәтті еңсеруге көмектесті. Тұңғыш Президенттің пайымы елдің егеменді экономикасын, ішкі және сыртқы саясатын қалыптастырудың негізіне айналды.

Оның реформалары өткенін қастерлейтін, ішкі тұрақтылығын сақтайтын және қарқынды дамып келе жатқан жаңа Қазақстанды, сондай-ақ білімді, талантты, креативті, өзінің әлемдегі бірегей орнын сезінетін заманауи қазақстандық ұлтты құруға мүмкіндік берді.

Осы жылдар ішінде Елбасы саясатының басты жетекші күш қазіргі кезеңде Тұңғыш Президент бағытының сабақтастығы, өзі әзірлеген жас тәуелсіз мемлекеттің ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асырудың саяси кепілі болып табылатын Nur Otan партиясы болды. Партия қызметі әрдайым бірлік пен тұрақтылық, қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыру ісінде шешуші рөл атқарды.

Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде ақылды, талапкер және еркін ойлайтын адамдардың тұтас буыны өсіп-жетілді. Олардың кейбіреулері өз балаларын тәрбиелеп, өздерінің табыс тарихын құрып, елдің дамуына жеке үлестерін қосып үлгерді.

Алайда, осы жылдар ішінде мемлекеттің негізгі қағидаттары өзгерген жоқ – бұл адамның әлеуметтік әл-ауқатына қамқорлық жасау, жеке басты құрметтеу, тиімді экономикалық саясат. Бұл құндылықтар барлығына түсінікті және әркімге жақын.

Елбасы атап өткендей: «Nur Otan партиясының рөлі – халықпен бірге болу, оның арманын білу, халықтың ниетін билікке жеткізу, билікті халыққа қамқорлық жасауға мәжбүрлеп, оның бірде-бір өтінішін ескеруіс қалдырмау».

Сайлаушылар алдындағы, бүкіл қоғам алдындағы жауапкершілік біздің қызметіміздің айқындаушы қағидаты болып табылады. Біз олар үшін және олармен бірге қабылданатын азаматтардың басым көпшілігінің мүдделерін қозғай отырып, ел алдында тұрған міндеттерді іске асыруға дайынбыз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «*Біздің бағытымыз берік, мақсатымыз айқын. Біз оған жету үшін не істеу керектігін білеміз. Біз жоспарларымызды дәйектілікпен іске асырып, барлық бастамаларымызды соңына дейін жеткіземіз. Біз кез келген сынақтар мен қиындықтарға дайынбыз*», – деп айтып өтті.

Әрине, Елбасы, Nur Otan партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев саясатының сабақтастығын жан-жақты қамтамасыз ету арқылы ғана осы мақсаттарға қол жеткізуге, сын-қатерлер мен қиындықтарды жеңуге болатыны сөзсіз.

Сынақтан өте білдік

Партия істерінің нәтижелері, жоспарларымызды іске асырудың тиімділігі Алматының үдемелі дамуынан айқын көрінеді.

Еліміздің ірі мегаполисіндегі өз жұмысында Nur Otan партиясы біздің барлық азаматтарымызды толғандыратын аса маңызды мәселелерді шешу жолдарын ұсына алды. Қарапайым, тұрмыстық мәселелерден бастап едәуір ауқымды мәселелерді шешу үшін үлкен ресурстарды шоғырландыру қажет.

Жалпы, біздің стратегиялық құжаттарымыз, ең алдымен, партияның Сайлауалды бағдарламасы нақты өмірдің сынағынан өте білді деп санаймын.

Біз жаңа COVID-19 пандемиясымен алғаш рет бетпе-бет ұшырасқан кезде бағдарлама өзінің қажеттілігін ерекше дәлелдеді. Nur Otan партиясы өзін-өзі іске асыруға емес, дереу өзінің барлық күші мен ресурстарын адамдарға көмектесуге бағыттады. Біз панде-

миядан қатты зардап шеккен аймақтардағы қызметті тез арада түзетіп, азаматтар мен бизнесті қолдау бойынша өз ұсыныстарымызды Үкіметке жібердік.

Коронавирустық инфекция эпидемиясы медицина мен денсаулық сақтауды дамытудың қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

Өмірдің жаңа сапасы

Сапалы медициналық қызмет көрсету және денсаулық сақтау объектілеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету – әсіресе, коронавирустық инфекцияға қарсы күрес жағдайында біз үшін басым міндеттердің бірі.

Бұған қол жеткізу үшін бірінші кезекте денсаулық сақтау инфрақұрылымын күшейту қажет болды. Соңғы екі жылда пандемияға қарамастан, екі модульдік аурухана мен жұқпалы аурулар ауруханасының филиалы салынды. Қаланың 16 ірі стационарында оттегі станциялары орнатылды. Кәріз суларын зарарсыздандыру және медициналық қалдықтарды кәдеге жарату жүйелері жаңғыртылды. Ағымдағы жылы біз №6 қалалық емхананы, сондай-ақ ауданаралық туберкулезге қарсы диспансерді күрделі жөндеу және сейсмика-

Телемедицина орталығы жедел құрылды.

Сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету де маңызды болып табылады. Мұндағы басты міндет – мегаполисте мектепке дейінгі және оқушы орындарының тапшылығы мәселесін шешу. Атап айтқанда, 4658 орынды 72 жекеменшік балабақша ашылды, 360 орынды 3 мемлекеттік балабақшаның құрылысы аяқталды, 9 мектепте 4150 орынды жаңа жапсаржай салынды.

Қала тұрғындары үшін жаңа өмір сүру сапасын қалыптастыра отырып, біз кедергісіз орта құру туралы да ұмытпаймыз. Ағымдағы жылы мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін 280 нысан бейімделді, мемлекеттік мектептердің 80%-ында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалды.

Ең үздік 100 қаланың қатарына қосылу

Әрине, дағдарыс құбылыстары бізге әсер етпеді деп айта алмаймыз, бірақ осындай күрделі жағдайларда біз экономиканың тиімділігін арттыра алдық және қала өз дамуын жалғастырып келе жатқаны анық.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың

Алматы қаласы бойынша сайлауалды бағдарлама		Almaty
УАДЕ БЕРІЛДІ (2025 жылға дейін)	Орындалды (9 ай ішінде)	
378 км су құбыры және 281 км кәріз желілері	92 км су құбыры және 77 км кәріз желілері	
12,3 мың орынды 324 жекеменшік балабақша	4,6 мың орынды 72 жекеменшік балабақша	
12 мектепті сейсмикалық күшейту және күрделі жөндеу	4 мектепті сейсмикалық күшейту және күрделі жөндеу	
10,7 мың орынды 25 мектепке жапсаржай	4,1 мың орынды 9 мектепке жапсаржай	
97 «Workout» алаңы және 12 мектептің дене шынықтыру- спорт аймақтары	97 «Workout» алаңы және 19 мектептің дене шынықтыру- спорт аймақтары	
243 мың жаңа жұмыс орны	52,3 мың жаңа жұмыс орны	

лық күшейту жұмыстарын аяқтау есебінен инфрақұрылымды күшейту міндетін орындадық.

Бұдан басқа, COVID-19 пандемиясына қарсы іс-қимыл шеңберінде жедел жәрдемді бағыттаудың жаңа моделін енгізу, негізгі клиникалық-диагностикалық бағыттар бойынша бас штаттан тыс мамандар институтын, қаланың барлық реанимация бөлімшесін бақылау үшін жедел ден қою реанимациялық тобын құру есебінен денсаулық сақтау жүйесінің жұмысы күшейтілді. Медициналық препараттар қорын қамтамасыз ету үшін дәрі-дәрмектердің тұрақтандыру қоры, тәулік бойы жұмыс істейтін Пациенттерді бақылау орталығы және

кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдауды кеңейту тапсырмасының арқасында қала экономикасындағы жағдай қалпына келу белгілерін көрсетіп отыр.

Біз пандемиядан кейінгі кезеңде экономиканың өсуі халықтың барлық тобының әл-ауқатына барынша әсер етуі тиіс деп есептейміз. Әр адам өзін-өзі тану үшін мүмкіндіктері кеңейіп, өмір сүру сапасы жақсарғанын сезінуі керек. Осыған байланысты Алматыда нақты жұмыс істейтін барлық кәсіпорындар үшін қолайлы жағдайлар жасау алдағы уақытта бірінші кезектегі міндет болуға тиіс.

Бүгінде Алматы – Қазақстанның ірі өңірлік экономикасы. Қала салықтың төрттен





ӨЗГЕРІСТЕР БАҒЫТЫ



бір бөлігін береді және елдің ЖІӨ-нің бестен бір бөлігін құрайды.

Біз өмір сүру сапасы мен бизнес мүмкіндіктері жағынан әлемдегі ең үздік 100 қаланың қатарына қосылуды мақсат етіп қойдық. Бұл үшін Алматыға мықты экономикалық негіз қажет, тиісінше, ЖӨӨ жылына кемінде 5% қарқынмен өсуі тиіс.

Мұндай өсуді қамтамасыз ету үшін жаңа индустрия секторларын мән беріліп, қала шаруашылығын терең құрылымдық реформалау басталды.

Қала экономикасын әртараптандыру міндетін іске асырудың басты құралы жеке инвестицияларды тарту болып табылады. Бүгінде 187 млрд. теңге сомасына 21 инвестициялық жоба іске асырылды.

Жол картасы

Қалада шағын және орта бизнесті дамытуға үлкен мән берілуде. Оны қолдаудың негізгі құралдары – мемлекеттік және қалалық бағдарламалар. Біз қазір «Бизнестің жол картасы–2025», «Қарапайым заттар экономикасы, Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы, Almaty Business–2025 секілді бағдарламалар туралы айтып отырмыз.

«Бизнестің жол картасы–2025» бағдарламасын ғана іске асыруға ағымдағы жылы 18,6 млрд. теңге бөлінді. Бүгінде 127,4 млрд. теңге сомасына 1351 жоба мақұлданды.

Жалпы, мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта бизнеске биыл 52,2 млрд. теңге кредит бөлінді.

Қазірдің өзінде қалада 52,3 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Жұмыссыздық деңгейі 105,5%-ға, ал 9 айдағы қысқа мерзімді экономикалық индикатор 9%-ға артты.

Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша жалпы өңірлік өнімнің өсімі 105,5%-ға, ал 9 айдағы қысқа мерзімді экономикалық индикатор 9%-ға артты.

Шетсіз қала

Алматылықтар үшін тең жағдай мен өмір сүру сапасын қамтамасыз ету Nur Otan партиясы жұмысының басым бағыты болып табылады.

«Шетсіз қала» қағидаты бойынша Алматыда қосылған аумақтарда инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту жөніндегі жобаларды іске асыру қамтамасыз етіледі.

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту шеңберінде қаланың 24 шағынауданында ұзындығы 92 шақырым су құбыры және 36,5 мың үйді қамти отырып, 77 шақырым кәріз желісі тартылды. Нәтижесінде тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету 98,4%-ға дейін жеткізілді.

Ағымдағы жылы 16 шақырым газ құбыры салынды, бұл халықтың газбен қамтамасыз етілуін 99,2%-ға дейін арттыруға мүмкіндік берді.

Жыл соңына дейін жарық мүлдем болмаған көшелерді толық жарықтандыруға қол жеткізіледі.

Жолдардың сапасына да көп көңіл бөлінді: бүгінде 415 көшеде ұзындығы 108 шақырым жол жабынының құрылысы жүргізілуде.

Бұдан басқа, үш көлік жолайрығының құрылысы жалғасуда. Ағымдағы жылы Рысқұлов даңғылы мен Емцов көшесінің қиылысындағы көлік жолайрығы бойынша қоғалысты ашу және Бұқтырма көшесі мен



Құлжа трактісі қиылысындағы көлік жолайрығының эстакадасы бойынша ішінара қозғалысты ашу жоспарланған.

Жыл соңына қарай Абай даңғылын Момышұлы көшесінен Наурызбай ауданының әкімшілік орталығына дейін, ұзындығы 3,5 шақырым жолды ашу жоспарлануда.

Алматыда күн сайын 700 мың автокөлік жүреді, миллионнан астам адам қатынайды. Бұл қала инфрақұрылымына үлкен жүктеме түсіреді. Сондықтан қоғамдық көлікті дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Метро желісінің «Бауыржан Момышұлы» және «Сарыарқа» станцияларының құрылысы жүріп жатыр. Биылғы жылы техникалық іске қосу жоспарлануда. Келесі «Қалқаман» станциясы бойынша құрылыс жұмыстары басталды.

Тұрғын үй Алматы үшін әрқашан өзекті мәселе болғандықтан ол біздің жұмысымыздағы басты міндет болып табылады. Қазірдің өзінде жыл соңына дейін 5114 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі деп айтуға болады. Қалада барлығы 1,6 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді: бұл 10 510 пәтер және 1678 жеке тұрғын үй.

Қауіпсіздік және экология

Қала инфрақұрылымын дамыта отырып, біз тұрғындардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударамыз. Қылмыстың ашылу және алдын алу деңгейін арттыру, криминалға жағдайды талдау мақсатында осы жылы 1000 интеллектуалды бейнебақылау камерасы орнатылды. Инфрақұрылымының төтенше жағдайларға қарсы тұруын арттыру үшін Наурызбай ауданында 6 көлікке арналған өрт сөндіру депосы пайдалануға берілді, жақын арада Алатау ауданында осындай депоны ашу жоспарлануда. Жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қашықтан басқарылатын датчиктері бар 93 бағдарламды қосу арқылы қалада жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесін жаңғырту аяқталды.

Алматылықтар жиі көтеретін ең өзекті тақырып – қала экологиясы. Экологиялық жағдай жақсарса, жасыл желектер алаңын ұлғайтуға, стихиялық коқыс тастайтын жерлерді жоюға және қоқысты кәдеге жаратуға толық қамтамасыз етуге мүмкіндік болады.

Ағымдағы жылы экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында 360 мыңға жуық ағаш отырғызылатын болады, бұл жасыл екпелер алаңын бір адамға 8,4 шаршы метрге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Келесі жылы тағы да 250 мыңнан астам ағаш отырғызу

есебінен екпелер алаңы бір адамға 9,3 шаршы метрге дейін ұлғайтылатын болады.

Қалада коқыс шығару толық қамтамасыз етіліп, барлық стихиялық коқыс орындары жойылды. Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі 8%-дан 14%-ға дейін ұлғайды.

Қалаға кіреберісте қосымша 15 экопост орнатылды, 1600 жеке үй табиғи газға ауыстырылды, велоинфрақұрылым белсенді дамуда.

Белсенді тұрғындар

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев үнемі айтып отетіндей, «Ұлт саулығы – мемлекеттің басты басымдығы».

Біз негізінен, қаланың спорттық инфрақұрылымының желісі мен қолжетімділігін кеңейту есебінен тұрғындарының денсаулығын нығайтуға және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға қол жеткізе аламыз. Бұқаралық спортты дамыту үшін ағымдағы жылы 19 мектептің дене шынықтыру-спорт аймағының құрылысы аяқталды, аулаларда, саябақтарда және скверлерде 97 Workout спорт алаңы орнатылды. 10 спорт нысаны пайдалануға берілді, оның 6-уы жергілікті бюджет есебінен. Бұл 5 дене шынықтыру-сауықтыру кешені, оның ішінде Жаңа Алматының: Жетісу ауданы «Айнабұлақ-2», «Кемел», «Құлагер» шағынауданындағы, Медеу ауданының «Алатау» шағынауданындағы, Түркісіб ауданының «Жас қанат» шағынауданындағы кешендер, Алатау ауданындағы жабық және ашық корттары бар теннис орталығы.

Салу бір бөлек, оған адамдарды тарту – бір басқа. Менің ойымша, бұл біздің қолымыздан келіп жатыр. Бұл жерде біздің ұлы спортшыларымыз, федерацияларымыз, қауымдастықтарымыз жақсы үлгі көрсетуде.

Мәселен, балаларды тегін спорт секцияларымен қамтуды арттыру үшін мектеп спорт федерациясымен бірлесіп қала мектептерінде спорт клубтарын ашу жұмыстары жүргізілуде.

Алматы – жастар қаласы. Мұнда 700 мыңнан астам жастар тұрады, олардың 233 мыңы студенттер. Жастар әрқашан халықтың белсенді тобы болған және оның маргиналдануына жол бермеу құралдарының бірі – жастардың тиімді жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету болып табылады, оны іске асыру үшін біз қажетті жағдайларды жасап жатырмыз.

Мәселен, жыл басынан бері жастар практикасына 1500 адам тартылды. «NEET» санатындағы 600 азамат толығымен кәсіби оқытумен қамтылған.

«Алматы жастары 3.0» тұрғын үй бағдарламасы аясында 837 отбасы төмен пайыздық мөлшерлемен несиеленді.

Жастардың әлеуметтік жобаларын іске асыруға жүз мыңға жуық жас азаматтар тартылды, шығармашылық жастар, жас ғалымдар, стартапшылар партиядан қолдау алды.

Қорытындылар мен жоспарлар

Елімізді жаңғырту және барлық қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыру жөніндегі реформалардың жалпы мемлекеттік бағытының жалғасы болып табылатын Nur Otan партиясының өңірлік Сайлауалды бағдарламасын орындаудың алғашқы нәтижелері осындай.

Келесі жылы 2021 жылы басталған іс-шараларды іске асыру жалғасатын болады, сондай-ақ жаңа жобаларды жүзеге асыру басталады.

Атап айтқанда, сумен жабдықтау желісін одан әрі кеңейту есебінен халықтың сапалы ауызсуға қол жеткізу деңгейі 2022 жылдың соңына дейін 99%-ға дейін артады.

Газға қолжетімділіктің артуы да назардан тыс қалмайды және 2022 жылдың соңына қарай бұл көрсеткіш 99,4%-ға жетеді. Бұдан басқа, қалада шамамен 125 шақырым арық желілері мен нөсер кәрізі қайта жаңартылып, салынады.

Әлеуметтік салада мектепке дейінгі және орта білім беру мекемелеріне деген үлкен қажеттілікті ескере отырып, біз 4 мемлекеттік балабақша саламыз, жекеменшік балабақшалар ашуды ынталандыру жөніндегі жұмыс жалғасады, бұл балаларды (3–6 жас) мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуды 93%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді. 2022 жылы 7 мектеп, оның ішінде ағымдағы жылы басталған 5 мектеп пен 5 жапсаржай салынады.

Іскерлік белсенділікті ынталандыру және жұмыспен қамтуды жақсарту үшін Қарапайым заттар экономикасы, Almaty Business–2025 және т.б. сияқты кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларын іске асыру жалғасады. 5 өнеркәсіп паркттері ашылатын болады. 50 мыңнан астам жұмыс орнын ашу арқылы біз жұмыссыздық көрсеткішін 5,1%-дан аспайтын деңгейде сақтап қалуға тырысамыз.

Тұрғын үй бағдарламасы шеңберінде 2800-ге жуық отбасы баспаналы болады. 200-ден астам көппәтерлі тұрғын үй күрделі жөндеуден өтеді. Қаланың барлық аудандарында 200-ге жуық ауланы көріктендіруге ниеттіміз.

Бұл шаралар, сондай-ақ басқа да бірқатар әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өмір сүру және жұмыс істеу жағдайларын жақсартуға мүмкіндік береді.

Алдымызда барлығымыз үшін маңызды күн – ол Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы. Тарих толқынында үш онжылдық – аз ғана сәт, бірақ дәл осы кезең тәуелсіз заманауи мемлекетті құру жолына нық сеніммен қадам басқан Қазақстан өміріндегі маңызды тарихи кезеңге айналды. Тәуелсіздік жылдары саяси тұрақтылық пен елдің елеулі экономикалық даму кезеңі өтті.

Соңғы уақыттағы сын-қатерлер партияның саяси тұғырнамасында көрініс тапқан біздің қоғамымыздың басты құндылықтарының, ең алдымен, адами құндылықтардың, заң үстемдігінің, бірлік пен болашаққа деген бірлескен ұмтылыстың, отбасылық құндылықтар мен дәстүрлердің іргелі маңыздылығын тағы да растады. Қоғамымыздың іргелі негіздерін ұстана отырып, біз жаңа жетістіктер үшін күш біріктірілдік.

Nur Otan партиясының «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасы Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев негізін қалаған реформалар мен қайта құру бағытының жол картасы болып табылады. Бұл өршіл, бірақ нақты есептелген мақсаттар мен қажетті ресурстармен бекітілген бағдарлар. Осы үдерісте басты шоғырландырушы рөл атқаруға шақырылған, елдің жетекші саяси күші – Nur Otan партиясының белсенді күшжігері осыларды орындауға бағытталған. Алматы қаласы оған сенімді қолдау көрсететініне күмән жоқ.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Nur Otan партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы,
Алматы қаласының әкімі.





ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

ЖАҢА ТӘСІЛ КЕҢ ӨРІС АЛМАҚ

Полицияның сервистік моделі
Алатау ауданының тәжірибесі
аясында ұлғайтылмақ



Динара
МҰРАТ



Соңы. Басы 1-бетте

Құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында бұған дейін полицияның сервистік моделі пилоттық режимде Алатау ауданының «Өжет» ықшамауданы мен Бостандық ауданындағы «Керемет» тұрғын үйінде іске қосылды. Талдау нәтижелері негізінде аталған аумақта құқық бұзушылықтардың жолын кесу мақсатында жұмысты күшейту бойынша шаралар қабылданып, полицияның қосымша модульдік бекеті орнатылды, тәртіп сақшыларының жаяу нарядын патрульдеу ұлғайтылды.

Сонымен қатар, Алматыда «Халыққа қолжетімді полиция» қағидаты аясында қаланың учаскелік полиция инспекторларының штаты **113 бірлікке** ұлғайтылды. **9 қосымша** учаскелік полиция пункті сатып алынды. Одан бөлек, **441 бірлік** бейнетіркегіш пен **432 планшет** алынды. Саябақ аймақтарында, азаматтардың жаппай демалу орындарында



Суреттері түсірген Самат СЕРІКБАЙ

патрульдік нарядтар үшін **55 бірлік** көлік құралдарын сатып алуға қаражат бөлінді.

Ержан Бабақұмаров пилоттық жобаны іске асырудың аралық нәтижелеріне сәйкес сервистік полиция тәжірибесін ықшамаудан деңгейінен Алатау ауданына дейін кеңейту туралы шешім қабылданып, хабарлады. Бүгінде аудандағы тұрғын саны **300 мыңнан астам** адамды құрайды.

Сөйтіп, Алатау ауданының бар аумағы сервистік тәсілді енгізудің

пилоттық аймағы болып белгіленді. Осыған байланысты аудан әкімі аппараты жанындағы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде сервистік тәсілді енгізу, ұйымдастырушылық және институционалдық сипаттағы тиісті жұмыстарды жүргізу бойынша аумақтық ведомствоаралық топ құру жөнінде тапсырмалар берілді.

Атап айтқанда, жобалау кеңсесі аудан тұрғындарымен бірігіп, тұрғылықты халық арасында талдау мен сауалнама жүргізеді, құқық бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды сканерлейді. Бұл жұмыстың нәтижесі пилоттық аумақты картаға

түсіру мен учаскелік инспекторлардың жұмысын түзету, патрульдеу жүйесін кеңейту, қосымша бейнебақылау камераларын орнату, жарықтандыру сынды шешімдер қабылдаумен сипатталады.

Жалпы, полицияның сервистік моделін кеңейту құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті нығайту саласындағы жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

ҚҰРМЕТ

Төтенше жағдай қызметкерлері күніне орай мегаполистегі Бөгенбай батыр көшесінің бойында, Мұқанов көшесі мен Есентай өзенінің арасында құтқарушыларға аллея ашылып, ескерткіш қойылды.

Құтқарушылар аллеясы



Әсел
ДАҒЖАН

Соған орай шаһар басшысы Б.Сағынтаев құтқарушыларды кәсіби мерекесімен құттықтады.

«Бүгін – Құтқарушылар күні. Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өрт сөндіру депосын ашып, тауда құтқару модульдерін орнатудамыз. Биыл 9 айдың ішінде 892 адам құтқарылды. Қала тұрғындарының Сіздерге айтар алғысы шексіз!», – деді әкім.

Қолына бала ұстаған құтқарушы-жауынгер бейнесі болаттан құйылған. Биіктігі – **2,5 метр**. Құтқарушылар аллеясында келушілерге барлық жағдай жасалған. Жүздеген тал отырғызылып, жаяу жүргіншілер жолы салынып, құтқарушылардың образын беретін орындықтар қойылған.

Бұл жерге аяқ басқан әр алматылық өзгенің амандығы үшін өз өмірін қиюға даяр құтқарушылардың ерен еңбегін есте сақтайды деген сенім мол.

Ресми шараға қызметтік борышын орындау кезінде қаза тапқан құтқарушыларға құрмет көрсету үшін ТЖД Алматы гарнизонының азаматтық қорғау ардагерлері, жұмыс істеп жүрген қызметкерлері мен жеке құрамы жиналды.

«Уақыт өте келе мұнда аналар балаларымен бірге қыдырып, қалалықтар серуендеп жүргенде осы ескерткішті көріп, мүмкін біреулердің құтқарушы болуға тілегі ашылып, алматылықтарға пайда әкелуге ниеті оянар», – деді 2004–2014 ж.ж. ҚР ТЖ вице-министрі болған Валерий Петров.



Қалада күн сайын кезекшілікте 200-ден астам адам, **80 техника** және **3 әуе борты** дайын тұрады. Биылғы жылдың тоғыз айында алматылық құтқарушылар **182 адамды** ажалдан арашалап қалды. Ал қала әкімдігінің **109 құтқару қызметі** **700-ден астам** адамды құтқарған.

Естеріңізге сала кетейік, 1995 жылдың 19 қазанында Тұңғыш Президенттің Жарлығымен Қазақстанның Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылды. Бұған дейін елде кәсіби құтқару қызметі болған жоқ. Ал 2008 жылы ТЖМ бастамасымен Кәсіби құтқарушылар күні атап өтіледі.

ФОРУМ

Диалогтың бірегей алаңы

Алматыда Рухани келісім күні аясында ғылыми-практикалық форум өтті



Динара
МҰРАТҚЫЗЫ

Рухани келісім күніне орай қарашаның 1-сәуірінде Алматыда «Рухани келісім конфессияаралық диалог пен әлем мәдениетінің факторы ретінде» тақырыбында ғылыми-практикалық форум өтті. Рухани келісім күні Қазақстанда 1992 жылдан бастау алып, Алматыда Бірінші дүниежүзілік Рухани келісім конгресі өткен күн – 18 қазанда жыл сайын атап өтіледі.

Аталмыш басқосудың басты міндеті – діндер диалогы мен рухани даму саласындағы өзекті мәселелерді талқылау, діни қауымдастықтар арасындағы өзара құрметті нығайту, сондай-ақ бейбітшілік пен зорлық-зомбылықсыз мәдениетті нығайту бойынша ұсыныстар әзірлеу. Ғалымдар мен теологтармен бірлесе жұмыс істеу ағымдағы қызметті жаңа уақыттың сын-қатерлері мен экстремизмге қарсы іс-қимылға бейімдеуге мүмкіндік береді.

Форум шымылдығын ашқан Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров Қазақстанның

бүкіл өркениетті әлем мойындаған диалог пен ынтымақтастықтың бірегей алаңы ретінде қалыптасуына ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қосқан үлесі мен қызметінің маңыздылығын атап өтті. Қазақстан – 18 дін мен конфессияны ұстанатын **130-дан астам** ұлт пен ұлысты біріктіретін әлемдегі жалғыз мемлекет. Соған қарамастан, Тәуелсіздік жылдарында рухани құндылықтар қоғамдық санаға тамырын жая алды.

«Қазақстан – бірқатар маңызды халықаралық бітімгерлік бастамалардың, әсіресе діндер мен өркениеттер диалогын ұйымдастыру саласындағы ұсыныстардың авторы. Елордамызда әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін өткізу осы саладағы жеткен жетістігіміздің жарқын мысалы болды. Съездердің арқасында бүгінгі таңда әртүрлі діни қауымдастықтар арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа көкжиектерін ашуға объективті алғышарттар жасалды, сондай-ақ біздің ел аумағында конфессияаралық диалог пен келісімнің жаңа моделі қалыптасты. Съезд жұмыс істеген сәттен бастап, тек Алматы қала-



сында діни бірлестіктердің саны 10 есеге өсіп, діни сенім бостандығына оң серпін берді», – деп атап өтті Ержан Бабақұмаров.

Форумға сарапшылар, теологтар, дінбасшылар мен көшбасшылар, қоғам қайраткерлері, сондай-ақ басқа өңірлердің уәкілетті органдарының өкілдері қатысты. Ресей Федерациясының Алматы қаласындағы Бас консулы Евгений Бобров форум барысында Рухани келісім күнінің берер игілігін тілге тиек етті.

«Бүгінгі мереке – мейірімділік пен халық бірлігін ұлықтайтын күн.

Рухани келісім – Қазақстанның игілігі болғандықтан, оны мемлекеттік құрылымдардың, қоғамдық ұйымдардың, оқу орындары мен дін қайраткерлерінің өзара іс-қимылы арқылы қолдап, сақтау қажет», – деді Евгений Бобров.

жылдары Қазақстанда рухани келісімді нығайту мен конфессияаралық қатығыстарға, оның ішінде заңды және институционалдық сипаттағы жанжалдарға жол бермеу бойынша шараларды жүйелеу жолында үлкен жұмыс атқарылғанын атап өтті.

Алматы қаласы мен Алматы облысындағы Евангелиялық христиан-баптистер шіркеулерінің аға пресвитері Алексей Лубошников та барлығын Рухани келісім күнімен құттықтады: «Міне, 30 жыл бойы бүкіл Қазақстан осы мерекені атап өтуде. Келісім – бейбітшілік пен бақберекенің негізі. Біз осындай көпұлтты және көпконфессиялы мемлекетте өмір сүріп жатқанымызға қуанамыз. Өзіңіз ойланғыңызшы, тек Алматыда 17 конфессия бар, олардың барлығы өзара келісім мен достықта өмір сүруде». Сондай-ақ, форумда «Рухани келісім конгресі» халықаралық қорының вице-президенті Әнуар Көкімбаев, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің проректоры Әлия Масалимова және т.б. сөз сөйледі.

Бұған дейін, 18 қазанда Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров қаланың бас имамы Т. Оспановпен бірге оңтүстік шаһардың орталық мешітінде қаланың діни бірлестіктер жетекшілерімен кездесу өткізген болатын. Кездесу барысында діни бірлестіктердің өкілдері адамзаттың асыл құндылықтары, ұлтаралық бейбітшілік пен бірлік, жаңа заманның сын-тегеуріндеріне қарсы күш-жігерді біріктіру туралы әңгімелесті.



«ЖАС МАМАН»

МАҢЫЗЫ ЗОР БАҒДАРЛАМА колледждерде қалай жүзеге асырылуда?

Динара
МУРАТ

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров Алматы құрылыс-техникалық және Алматы политехникалық колледждерінде «Жас маман» жобасының жүзеге асырылу барысын тексерді.

«Жас маман» жобасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінде 2019 жылғы 23 қаңтарда берген тапсырмасына сәйкес әзірленді. Аталмыш жобаның операторы ретінде «Кәсіпкер» холдингі» КЕАҚ белгіленді.

2021-2022 жылдары осы жоба шеңберінде кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырыс 11 405 орынға, оның ішінде «Еңбек» бағдарламасы бойынша 2500 орынға арналған 48 колледжде орналастырылды.

«Жас маман» жобасының негізгі мақсаты – сұранысқа ие 100 мамандық бойынша колледждер мен жоғары оқу орнын жаңғырту және білікті мамандар даярлаудың халықаралық тәжірибесін енгізу.

Мақсатқа жету жолында Алматыда мынандай кешенді жұмыстар жүргізілуде:

- сұранысқа ие мамандықтар бойынша мамандар даярлайтын 18 колледж іріктелді;
- білім беру процесін жаңғырту, оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерін жетілдіру мен мәлімделген кәсіп бойынша халықаралық стандарттар негізінде білім беру бағдарламасын жасауға жәрдемдесу үшін шетелдік әріптестерді тарту;
- колледждерге жабдықтар сатып алынады.

Жобаның іске асуы нәтижесінде оқу ұйымдары республикалық және халықаралық деңгейде талап етілетін мамандарды даярлау үшін қажетті қазіргі заманғы жабдықтармен жабдықталатын болады, мәлімделген кәсіп бойынша өз өңірі үшін құзыреттілік орталықтарына айналып, әлемдік WorldSkills чемпионаттарына қатысушыларды даярлауға мүмкіндік алады.

Сондықтан кеше Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров қала үшін маңызы жоғары бағдарламаның колледждерде жүзеге асырылу барысын жіті тексерді.

Ержан Бабақұмаров алдымен Алматы құрылыс-техникалық колледжіне жол тартып, оқыту процесімен танысты. Колледж осы бағдарлама аясында 200-ге жуық түрлі мақсаттағы аппараттар мен жабдықтарды сатып алған. Техникалық жағынан дәнекер-



леу ісі, жиһаз өндірісі, сантехника және жылыту, құрғақ құрылыс жұмыстары бойынша үш шеберхана жабдықталған.

Мысалы, дәнекерлеу цехында 15 дәнекерлеу аппараты, сондай-ақ қорғаныс костюмдері, қолғаптар, бетперде сатып алынды.

Жиһаз цехына ағашқа кез келген үлгіні кесетін, бағдарламалық-сандық жолмен басқарылатын аппарат сатып алынды. Сондай-ақ, өңдеуге арналған фрезерлік станоктар мен тігін машиналары сатып алынды.

– Біздің колледж құрылыс-коммуналдық шаруашылық бейіні бойынша оқу-әдістемелік бірлестік. Мұнда жиһаз өндірісінің мамандары дайындайды. Біздің оқу бағдарламаларымыз жиһаз өндірісін қарапайымнан күрделіге дейін – кішігірім бөлшектерді дайындау, жиһаз бетін тігу және т.б. болатындай етіп жасалған, – дейді директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Азиз Жалилов.

Студенттер цехта өздері парталар, есіктер, колледж кабинеттеріне арналған орындықтар дайындайды екен.

– Қазір біз парта сатып алмаймыз. Қажетті металл сатып алып, дәнекерлеу цехында орындық пен партаның қаңқасын жасадық. Біз студенттерге колледж қабырғасында тәжірибеден өтуге мүмкіндік беріп отырмыз, – деді Азиз Жалилов.

Алматы құрылыс-техникалық колледжі қаламызда кәсіби сантехниктерді дайындайтын жалғыз оқу орны. «Жас маман» бағдарламасы аясында болашақ сантехник-

тер үшін жылыту және сумен жабдықтау жүйелерін орнату мен күйге келтіру бойынша модульдер, қол гидравликалық сорғысы бар ілмекті арматураға арналған стендтер, ауа баптауға арналған жүйелер, душ кабинасын, ванналар мен унитаздарды қосуға арналған жүйелер сатып алынды.

Сонымен қатар, колледж кабинеттері үшін екі интерактивті тақта, 32 моноблок пен лэптоп сатып алынды.

Сондай-ақ, әкім орынбасары Ержан Бабақұмаров Алматы политехникалық колледжіне барып, «Жас маман» жобасын іске асыру аясында ақпан айында ашылған IT-орталығымен жеке танысты. Орталықта компьютерлік-аппараттық қамтамасыз ету бойынша студент-техниктер, аудио және бейнеоператорлар, техника-механиктер оқудан өтеді.

– Біз әрбір бағыт бойынша жұмыс берушілермен келісе отырып, тиісті жабдық сатып алдық. Студенттер кәсіпорындарда сұранысқа ие жабдықтармен жұмыс істейді, – дейді директордың оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары Маржан Мәлікова.

Аудио және бейнеоператорлардың аудиториялары үшін төрт камера, операторлық кран, бес фотоаппарат, үш дрон, диктофондар мен микрофондар, компьютерлер мен жылжымалы телевизиялық станция үшін қажетті заттар сатып алынды.

Компьютерлік-аппараттық қамтамасыз ету бойынша аудиторияға компьютерлерді өзара қосу үшін маршрутизаторлар, станоктар, контроллерлер сатып алынды. Оқу-серверлік кабинетке желілік қосылуға арналған жабдықтар алынған.

Мехатроника аудиториясында студенттер оқу станцияларында тәжірибеден өтеді. Төрт модуль бар – прототиптік өндіріс. Мысалы, «банкларға жарма құю» атты бірінші станция банктерді конвейерге қояды, екінші станцияда банка жармамен толтырылады, үшінші станцияда қақпақ жабылып, төртіншіде дайын өнім қоймаға жіберіледі.

– Жабдық біздің студенттерге бүкіл өндіріс процесін көруге мүмкіндік береді. Олар зауытқа барғанда қандай құрылғы қалай жұмыс істейтінін білетін болады. «Жас маман» бағдарламасының арқасында біз студенттерімізге көбірек білім мен тәжірибе бере аламыз, – деп ойымен бөлісті Маржан Мәлікова.



тер үшін жылыту және сумен жабдықтау жүйелерін орнату мен күйге келтіру бойынша модульдер, қол гидравликалық сорғысы бар ілмекті арматураға арналған стендтер, ауа баптауға арналған жүйелер, душ кабинасын, ванналар мен унитаздарды қосуға арналған жүйелер сатып алынды.

– Сантехниктер бір пәтерден бастап тұтас қалаға дейін су беру бойынша кез келген жабдықпен жұмыс істей білуге тиіс. Сантехник – дәнекерлеу, қайнатып, түрлі құралдарды монтаждай білетін әмбебап маман.

Колледжде құрғақ құрылыс зертханасы бар, онда студенттер қабырғаларды жылыту, бояу және басқа да жөндеу жұмыстары бойынша тәжірибе жинақтайды. «Жас маман» бағдарламасы бойынша зертханаға қабырғаларды сырлауға арналған құрылыс қоспасын араластыратын бояу машинасы сатып алынды.

– «Жас маман» бағдарламасы бізге колледж студенттеріне арналған жабдықтар-

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

ҮЛКЕН СПОРТҚА БАСТАЙТЫН АЛАҢДАР

Рая
ЕСКЕНДІР

Қарқынды құрылысы бір сәт толастамайтын Алматыда тағы да жаңа заманауи мектеп стадиондары мен ойын алаңдары пайда болды. Олардың бірқатары пайдаланылуға берілсе, біразына әлі де жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Биылдың өзінде Алматының 40-тан астам мектебінің спорт алаңына күрделі жөндеу жүргізілсе, қайтадан жаңартылып жатқандары да бар. Мектеп жанындағы жөндеу жүргізіліп жатқан спорттық алаңдардың басты ерекшелігі – олардың, ең алдымен, бала өміріне қауіпсіз әрі жайлы екендігі. Атқарылған жұмыстарды тапсырған кезде оның сапасымен қатар осы ерекшеліктері де басты назарда болады.

Қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Әуезханқызы арнайы жұмыс сапары барысында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы «Біз жоғары деңгейдегі спорттық бағыттағы қауіпсіз алаңдарды жасағымыз келеді. Спорт алаңдары ертеңгі үлкен спорттың бастауы болуға тиіс», – деген еді.



Алматы қаласында қазіргі таңда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы аясында №10, 42, 63, 93, 94, 104, 128, 173, 181, 189 мектептердің спорт алаңдары мен бірнеше көпсалалы колледждердің спорт алаңдарына жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жалпы, спорт алаңдарын жөндеу үшін жергілікті бюджеттен бөлініп отырған инвестиция көлемі 400 миллион теңгеден асады. Бұған дейін де осындай жоба аясында №40 және №95 мектептердің аумағындағы спорт алаңдары жаңартылған еді.

Өткен жылы жергілікті бюджет есебінен №151, 185, 179, 169, 184, 149, 82, 180, 182, 133, 130, 16 мектептердің спорт алаңдарына жөндеу жүргізілсе, биылғы жылы №67, 144, 34, 90, 38, 60, 69, 102, 66, 29, 28, 98, 186, 192, 187, 32, 71, 89, 106, 83 және №1 балалар үйінің спорт алаңына жөндеу жүргізілуде. Биылғы жылы осы шараларды іске асыру үшін жергілікті бюджеттен 1 млрд.-тан астам теңге қарастырылып отыр.

Биыл қалалық әкімшіліктің мемлекеттік тапсырысы бойынша қала мектептерінде оқушыларға арналған спорт секциялары ұйымдастырылады. Сонымен қатар, биылдан бастап жаттықтыру жұмысымен айналысатын дене шынықтыру мұғалімдерінің айлықтарына үстемалы қосылып отыр.

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



«АЛМАТЫ МЕКТЕПТЕРІ»: бар мүмкіндік қарастырылуда

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

«Өткен жылдан бастап қаладағы білім сапасының төмендеуіне жол бермеу және өзгермелі ортада оның дамуын қамтамасыз ету үшін біз жетекші қазақстандық және халықаралық сарапшылармен бірге «Алматы мектептері» атты арнайы үш жылдық бағдарламаны әзірлеуге кірістік».



Рая
ЕСКЕНДІР

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаевтың қала тұрғындарымен кездесуінде қойылатын басты сауал көбіне әлеуметтік мәселелер төңірегінде туындап жатады. Ірі мегаполистің мәселелерінің де ауқымды болып келуі заңды. Бүгінде шаһарда мектеп тапшылығын азайту бойынша бірқатар шаралар қабылданып отыр. Осы ретте қала басшысы Бақытжан Сағынтаев қазіргі таңда мектеп құрылысына ерекше көңіл бөлініп жатқанын айта келе, бұл мәселені жыл сайынғы демографияның өсу қарқынымен байланыстырған еді.

— Метрополистегі тұрғындардың өмір сүру жағдайы жақсарғаннан кейін демографиялық көрсеткіштер де қарқынды түрде өсіп жатыр. Бұған дәлел — биылғы жылы бірінші сыныпқа 30 мыңнан астам баланың мектепке барғанын айтуға болады. Қазіргі уақытта Алау, Наурызбай және Түркісіб аудандарында 12 600 орынды 8 мемлекеттік мектеп құрылысы жүріп жатыр. Олардың үшеуі биылғы жылдың соңында пайдаланылуға беріледі. Сонымен қатар, мектеп жанындағы қосымша ғимараттардың да құрылысы қарқынды түрде жүріп жатыр. Жалпы, салынып жатқан 17 мектепте 8 мыңнан астам орын бар. Жаңа мектептердің 3-еуі оқу жылының басында ашылса, жақында ғана тағы 6 ғимарат ашылды. Қалған сегіз мектептің құрылысы да аяқталуға жақын. Сәтін салса, ағымдағы жылдың қараша айының соңында тапсырылуы тиіс. Сондай-ақ, жаңа мектептердің құрылысын салуға жеке инвесторлар да белсенді түрде қатысып жатқанын айта кеткеніміз орынды. Осы жылы қала көлемінде 11 мектеп ашылса, әлі де бірқатар жоба іске асырылып жатыр. Жаңадан салынып жатқан 36 нысан ашылса, орын тапшылығы 23,3 мыңнан астам оқушыға төмендейтін болады. Алматы қаласында Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында жаңадан мектептер салу жұмысы жалғаса береді, — деп атап өткен еді қала әкімі Бақытжан Сағынтаев.

Сонымен, биылғы оқу жылында қаламыздағы 287 мектепке 300 мыңнан астам оқушы барды. Мектептегі орын тапшылығы әлі де өзекті күйінде. Осыған орай, қала әкімдігі 2025 жылдың соңына дейін мыңға жуық мектеп салу бойынша берілген Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында кешенді жаңа тәсілдерді әзірлеуді қолға алды. Мемлекет басшысы халыққа жолдаған Жолдауында білім беру, педагогтерді қолдау, олардың еңбек жағдайларын жақсарту мәселелеріне ерекше назар аударды. Мәселен, жыл басынан бері педагогикалық қызметкерлердің жалақысы 25%-ға өсіп, қаладағы жас мұғалімдердің жалақысы орта есеппен 157 мың теңгені құрап отыр. Алдағы 2022 жылы педагогтердің орташа жалақысы 183 мың теңгені құрайтын болады.

Сонымен қатар, қала педагогтерінің мотивациясы мен біліктілік деңгейін арттыру үшін «Алматы мектептері» білім беру қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін дамытудың қалалық бағдарламасы іске асырылатын болады. Бұған қоса, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес

Қазіргі уақытта Алау, Наурызбай және Түркісіб аудандарында 12 600 орынды 8 мемлекеттік мектеп құрылысы жүріп жатыр



қашықтықтан білім беру форматтары үшін ақпараттық жүйелердің сапасын арттыру мәселесі де пысықталатын болады. Дәл қазір қаламызда 2025 жылға дейін барлық білім беру мекемелерінде инклюзивті білім беруге қолжетімділікті қамтамасыз

ету және жағдай жасау бойынша жұмыстар жалғасуда. Шаһар басшысы қалалық Білім басқармасына халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздары мен қатысушыларына конкурстан тыс негізде жоғары оқу орындарына түсу үшін грант

тар беру мәселесін пысықтауды тапсырды. Дарынды балаларды жан-жақты қолдау, оларға біржолғы ақшалай сыйақы төлеп, сондай-ақ, осындай оқушыларды тәрбиелеген мұғалімдерді көтермелеу мүмкіндігі қарастырылатын болды.





ТҰЛҒАТАНУ

Рақымжан Қошқарбаев. Көкірегімізде ерекше көңіл мен мақтаныш сезімін ұялататын осы бір есімді білмейтін қазақ, осы батырдың ерлігін қайталауды армандамайтын жас ұрпақ жоқ болар, сірә. Өйткені, Рақымжан ерлігі – еріксіз бас идіретін ерен ерлік.



РЕЙХСТАГҚА ТҮ ТІККЕН БАТЫР

Рақымжан Қошқарбаев 1924 жылы 19 қазанда Ақмола облысы, Ақмола ауданында дүниеге келген. 1942 жылы әскерге алынып, 1944 жылы Фрунзедегі (Бішкек) жаяу әскер училищесін бітірген. 1944 жылы қазан айынан бастап І Беларусь майданындағы 150-Идрицк атқыштар дивизиясы құрамында взвод басқарып, Польша және Германия жерлеріндегі ұрыстарға қатысты. Лейтенант Р.Қошқарбаев Берлин операциясы кезінде асқан ерлік көрсетті. 30 сәуірде ол жауынгер Григорий Булатов екеуі Кеңес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен жетіп, жеңіс туын тікті. Соғыстан кейінгі жылдары Эльба бойындағы кеңестік оккупациялық әскер бөлімінде қызмет атқарды.

Р.Қошқарбаевтың майдандағы соғыстарға қатысуы мерзімді баспасөзде және көркем әдебиетте жан-жақты жазылды. Берлиннің өзінде болған соғыстарда ол өзінің взводоммен ең алдыңғы шептерде болды. Король алаңына – «Гитлердің үйіне» бірінші болып жетті. І дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталды. Одер өзенінен өтудегі қанды шайқастан кейін оны партия мүшелігіне қабылдады. Ал партия билеті аса маңызды бекіністі және саяси маңызды мақсатқа жетудің ма-

дақтау белгісі ретінде «Гитлердің үйінде» табыс етілді. Осында «Гитлердің үйінде» барлау взводының командирі, лейтенант Р.Қошқарбаевқа Рейхстагқа Қызыл туды тігу туралы тарихи жауынгерлік бұйрық берілді. Жалауды оған батальон командирі Давыдов және саяси жетекші Васильченко табыс етті. «Гитлер үйі» мен Рейхстагқа дейін арақашықтық 360 метр ғана, бірақ ол жан-жағынан оқ жаудырылған ашық алаң үстінде еді. Лейтенант Р.Қошқарбаев өзінің жауынгерлерімен бұл қанды метрлерді толассыз атылған оқтың астында 7 сағатта, жерге жабыса еңбектеумен өтті. Рейхстагқа ол Григорий Булатов деген солдатпен бірге жетті және бұйрықты орындап, Рейхстагтың фронтанына туды тікті. Бұл сәуірдің 30-ы күні 18 сағат 30 минутта болған еді. Тарихи ерлік жайындағы бұл хабар бүкіл әскери бөлімдерді шарлады, баспасөзде кеңінен хабарланды.

Ол «Қызыл Ту», І дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. Халық Қаһарманы атағы Р.Қошқарбаевқа 2001 жылы берілді. Өзі 1988 жылы 10 тамызда Алматы қаласында дүниеден озған.

Әзірлеген Айну́р СЕНБАЕВА.

МЕРЕЙ

«Мақтанышым – Жетісу»



Рая
ЕСКЕНДІР

Биыл Алматының ең байырғы аудандарының бірі – Жетісу ауданының құрылғанына 85 жыл толып отыр. Өндірістің ошағы, кәсіпорынның кені атанған аудан қала бюджетінің негізгі бөлігін құрайды. Қаладағы ең ауыр өндіріс ошақтарының дені осы ауданда орналасқандықтан, халықтың басым бөлігі жұмыспен де қамтылған. Сонымен қатар, Алматының ең ірі сауда ошақтары да осы аудан аумағында.

Жетісу ауданының мерейтойына орай тұрғындар да өздерінің үлесін қосып, түрлі шаралар өткізуде. Ауданның «Көкмайса» ықшамауданындағы Тілеулес Сабырова басшылық ететін №170 бөбекжай-балабақша ұжымы «Ауданым – мақтанышым» атты мерекелік бағдарлама ұйымдастырып, кеш өткізді.

Балабақша меңгерушісі сонау 1936 жылы



құрылған ауданның өткен тарихынан бастап, күні бүгінге дейінгі даму кезеңін баяндады. Ауданның мақтанышына айналған айтулы тұрғындардың да есімдері аталды. Балабақша қызметкерлері аудандарына деген сүйіспеншіліктерін туындыларына арқау етіп, өлең-жырмен жеткізді. Әрбір топ бүлдіршіндері де өз өнерлерін көрсетті.

– Әлемдік жағдайға байланысты көптеген мерекелік іс-шараларымыздың санын қысқартып отырмыз. Ата-аналарымыздың да келуіне рұқсат етпедік. Бүгінгі іс-шараны барлық санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді сақтай отырып өткізудеміз, – деді Тілеулес Орынбайқызы.



ЖАСТАР САЯСАТЫ

Идеялар мен пікірлер алаңы



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Алматыда жастарға арналған диалог алаңы ашылды. International Debate and Research Center халықаралық дебат орталығы ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының қолдауымен құрылды және қаланың жас зиялыларын біріктіру орталығына айналды.

Жаңа алаңның ашылуы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластырылды. Онда қала студенттері ғылымға, қоғамдық-саяси бастамаларға қатысты түрлі тақырыптарды талқылап, тәжірибе алмасып, өз жобаларын ұсына алады.

– Пікірталас қозғалысының өзектілігі жыл сайын артып келеді. Өйткені, қазіргі әлемде мемлекет те, қоғам да терең білімі мен кәсіби дағдылары ғана емес, сонымен қатар, пікірталастарға қатысу кезінде қалыптасатын белгілі бір жеке қасиеттері

бар мамандарға мұқтаж, – деп атап өтті Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының директоры Раиса Шер.

Орталық оқушылар, колледж оқушылары және ЖОО студенттері үшін зияткерлік кездесулер өткізу алаңы да болмақ. Олар қалалық және халықаралық пікірсайыс турнирлерін өткізуді жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта дебаттық бағыт қала мектептерінде де дамуда. Биыл оқушылардың «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы басталды. Бүгінгі таңда қаланың білім беру ұйымдарында 4228 оқушыны қамтитын 207 дебат клубы құрылды.

– Пікірсайыс қозғалысына қатысу оқушыларға сыни ойлау дағдыларын көрсетуге, ақпаратты талдауға, өз ұстанымын дәлелді қорғауға, сондай-ақ командада жұмыс істеуге үйретеді, – деді «Алматы дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының директоры Жанат Айтпаева.

«АЯУЛЫ ЖАН»

ЖАҢА ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА



Ақтолықын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Бүгінгі таңда елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі, бұрынғы Кеңес Одағының көптеген елдеріндегідей, өте өзекті және өткір тақырып.

Бірқатар адамдар психологиялық тұрғыдан да үй тиранының құрбандары атануда.

Осы жағдайдың алдын алу мақсатында Нұржан Жасұзақовтың жетекшілігімен «Гүлболсын» жобасы әзірленіп, көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсетілуде. Аталмыш іс-шара қаламыздағы ақ жаулықты абзал жандардың құқықтарын қорғауға бағытталған. «Дағдарыс орталықтарымен біріккен жобамызға 10-нан астам адам тартылған. Бұл жерде өз саласының мамандары, психологтер, заңгерлер, репродуктологтер мен жаттықтырушыларды кездестіруге болады. Топ жұмысы ерте жаста жаныстық қатынастың алдын алу, жүктілік және суицидпен күресуге бағытталған», – дейді ұйымдастырушы Ақнұр Оспанова.

Жоба 2021 жылдың желтоқсанына дейін жалғасады. Еріктілер бұл жобаның тақырыбына орай болашаққа үлкен жоспарлар құруда. Олар «жоба тек Алматы қаласын ғана емес, бүкіл Қазақстанды қамтуы қажет» дейді. Сонымен қатар, «Волонтерлар лигасы» ұйымы әр салада жетістікке жеткен аяулы жандарды бір салаға топтастыратын «Аяулы жан» жобасын қолға алған. Бұл –



ғылымда, кинода, журналистикада, менеджмент саласында жетістікке жеткен мықты әйелдер туралы жоба. Іс-шара барысында әртүрлі тренингтер, спикер әйелдермен мастер-клартер өту жоспарлануда. «Жалғызбасты аналарға көрсетіліп отырған көмек өте аз. Меніңше, болашақта алимент мәселесін шешу бойынша арнайы қор құру қажет. Қоғам көп жағдайда кінәні әйелдің мойнына іліп қояды. Бізде «ажырасса да, күйеуі қол көтерсе де, мүгедек бала туса да әйел кінәлі» деген түсінік қалыптасқан. Сондықтан көп жағдайда әйелдер зорлыққа шыдайды. Қазақстанда 400 мыңнан аса жалғызбасты ана бар. Бұл – біздің қоғамдағы аса өзекті мәселенің бірі. Балаға көзі ашық, санасы ояу ана керек. Анасы білімсіз болса, баласы да білімсіз болып өседі. Қалай болғанда да, баланы қарайтын әйел», – дейді Miss ATU–2017, Dinara Cosmetics брендінің негізін қалаушы Динара Жолдасова.

КӨРМЕ

Екі дәуір – бір туындыда



Айкерім
НӘЛДІБЕКОВА

Көрермендер суретші Әсел Кенжетасова мен Наталья Косининаның бірлескен көрмесінде ежелгі қазақ мәдениеті мен заманауи өнерді қалай байланыстыруға болатынын көре алады. Қос қолынан өнер тамған қыздар алматылықтарды таңқалдыруға 2,5 жыл дайындалып, дәстүрлі ұлттық мотивтер негізінде жасалған жұмыстарын жұртшылыққа ұсынып отыр.

Олар алдымен суретші ретінде ғана емес, дизайнер ретінде де өнер көрсетіп, колмен бірегей заттар жасады. Мәселен, ерекше өрнекті кестелері бар маталар мен кілемдер қиындыларынан костюмдер тікті.

– Мен өзімді ежелгі көшпелі ата-бабаларымыздың орнына қойып, киім тігетінмін. Олар сол кезде-ақ қолда бар дүниеге қиялын қосып, керемет дүниелер жасай білген, – дейді Әсел Кенжетасова.



Одан кейін қыздар өздері тіккен киімдерге қыздардың суреттерін салып, #kizhaus хэштегін қояды. Ол жамаудан тігілген киімнің әр бөлшегінің бірегейлігі мен ерекшелігін көрсетеді. Ал киімдердегі қыздардың суреттері ойдан шығарылмаған. Олар өз туындыларын киген нақты сәнқой қыздардың суреттерін салуға тырысқан. Жобаның барлық қатысушылары маңызды іріктеуден өткен. Олардың арасында қыздардың жобасына қолдау білдірген актер Азиз Бейшеналиев секілді танымал адамдар да бар.

– Мұның бәрі мен үшін өте қызықты болды. Мен жаңа нәрсені көргенді ұнатамын, – деді актер. Ал көрмеден одан өзге әйгілі адамдардың 15 портретін көруге болады.



ЭКОӘЛЕМ

«АЮСАЙ» ШАТҚАЛЫ

болашақта алмалы баққа айналады



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Іле Алатауы Ұлттық паркінің аумағындағы «Аюсай» шатқалында Сиверс алмасының көшеттері отырғызылды.

Көшеттерді отырғызу акциясы 18 жастағы алматылық Тамерлан Шыңғысовтың бас-тамасымен ұйымдастырылды. Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін экобелсенді алматының апортын қайта жаңғырту бағытында өзінің тырнақалды Apple Tree Revival жобасын ұсынған болатын. Жобаның мақсаты – бүкіл әлемге танымал Қазақстан алмаларын жойылып кетуден қорғау ғана емес, алма ағаштарын, экология мен мәдениетті сақтау үшін барлық жобаны біріктіру. Яғни аталмыш жоба кез келген қала тұрғыны ағаш отырғызып, алма ағаштарын құтқаруға, экологияны жақсартуға және қаланы жақсартуға өз үлесін қоса алады деген идеяға негізделген.

Қуанарлығы, аталмыш жоба аясында Алматының маңайы әлем таныған алма ағаштарымен қайта жаңғыртыла бастады. Мәселен, 17 қазан күні «Аюсай» шатқалында үшінші рет жеміс ағаштарының көшеттері отырғызылды. Экобелсендінің айтуынша, алманы еліміздің символы ретінде сақтау, одан әрі жандандыру және қорғау үшін көп жұмыс атқару қажет.

– Алматы – апортымен де әлемге танылған қала. Сондықтан қала маңындағы тұрса табиғатты экотуризм мақсатында пайдаланудың маңызы зор. Осы тұрғыдан алғанда «Аюсай» шатқалы экотуризм үшін таптырмас орын екені анық. Шетелдік туристерді тұрса табиғаттың тау бөктеріндегі алмаларымен де қызықтырғым келеді. Сиверс алма ағашы Іле Алатауында, Қазақстанның оңтүстігінде және шығысында бірнеше мың жылдан бері өседі. Қызыл кітапқа енген. Сол себепті, қала маңайындағы Сиверс алмасын құрып кетуден құтқаруды, яғни қала тұрғындарының көмегімен Алматы маңындағы тауларда жеміс ағаштарын отырғызуды қалаймын, – дейді Тамерлан.

Apple Tree Revival жобасы аясында ағаш отырғызу акциясы 9 қазанда бастау алып, қатысушылар «Горельник» визит-орталы-



ғында Сиверс алма ағашының 60 көшетін отырғызған. Одан кейін белсенділердің үндеуіне қолдау білдірген қала тұрғындары қаланың бірқатар аумағына 138 түп апорт ағашының көшетін отырғызды.

Ал 17 қазанда «Аюсай» визит-орталығына баратын жолдың жиегіне қоршаған ортаға бей-жай қарамайтын 50-ге жуық алматылық арнайы келіп, тағы да алма ағаштарының көшеттерін отырғызды. Бұл жолы еріктілер ағаш көшеттерінің екі түрін – Жоңғар Алатауы тауларында өсетін жабайы алма ағаштарынан алынған және Өсімдіктердің биологиясы және биотехнологиясы институтының генетикалық зертханасында жасушалардан өсірілген өскіндерді отырғызды.

Apple Tree Revival жобасының негізін қалаушы Тамерлан Шыңғысовтың анасы Мадина Матакованың айтуынша, егер отырғызылған алма көшеттері тамыр алса, бұл сәтті эксперимент болады.

– Біз акцияға қатысушыларды әлеуметтік желілер мен радио арқылы жинадық. Бүгінгі акцияға осынышама адам жиналады деп күтпеген едік. Таңқалып отырмын. Қала тұрғындарының табиғатқа немқұрайлы қарамайтындары қуантады. Жобамыздың басты мақсаты да осы ғой. Сіз Сиверс

алма ағашын отырғызасыз ба немесе ағаш отырғызуға келесіз бе, ол – маңызды емес. Ең бастысы, Сіз аулаңызға кез келген ағаш отырғызыңыз. Осының өзі сіз біздің жобамыздың бір мүшесі екендігіңізді білдіреді, – дейді Мадина Матакова.

Ағаш отырғызуға Ұлттық парк қызметкерлері де қатысып, өз үлестерін қосты. Олар жұмысты үйлестіріп, көшеттерді қайда орналастыру керектігіне жөн сілтеп отырды. Ғылыми-зерттеу жұмыстары және тау агробиотүрлілік бөлімінің бастығы Салтанат Өсербаеваның айтуынша, Іле Алатауы паркінің аумағында жыл сайын 42 гектардан астам ағаш отырғызылады. Ал Маловодный орманшылығының аумағында Сиверс алма ағаштарының таза генетикалық резерваты сақталған. Алма саябағына отырғызылған жеміс ағаштарының шамамен 70 пайызы тамыр алып, жерсінетін көрінеді.

– Біздің парктің негізгі миссиясы – табиғи кеңендерді, соның ішінде өсімдіктер әлемін сақтау. Сиверс алма ағашынан басқа, біз жабайы өрік пен эндемикалық Шренк шыриасын отырғызамыз. Біз еріктілердің өздері бізге ағаш отырғызу туралы ұсыныстармен хабарласатындары үшін өте қуаныштымыз. Яғни қала тұрғындары мен саябақ қонақтарының табиғатты қорғау ісіне осылайша өз үлестерін қосқанын қалаймыз, – дейді Салтанат Өсербаева.

Ағаш отырғызу жұмыстары аяқталғаннан кейін қатысушыларға ғалымдар мен ұлттық парк өкілдерінің Сиверс алмасы туралы дәрісі өтті. Ал еріктілер мен қонақтар қызметкерлерді Қазақстанның орман шаруашылығы қызметкерлері күнімен құттықтады.

Apple Tree Revival жобасының ұйымдастырушылары өздері отырғызған ағаштар уақыт өте келе 15–20 метрге дейін өсіп, жеміс береді деп үміттеніп отыр. Акцияға қатысқан қала тұрғындары «енді бірнеше ондаған жылдан кейін біз еккен ағаштар «Аюсай» шатқалының маңайын жемісі төгіліп тұрған алмалы баққа айналдырса, оған шетелдік туристер тандана қараса деп армандаймыз» дейді. Ал жоба авторлары Сиверс алма ағашы Алматы үшін ұлттық брендке айналуы керек деп санайды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Әдеп кодексі жетілдірілмек



Әсел
ДАҒЖАН

Президент Әкімшілігінің тапсырмасына сәйкес, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті мен Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы арасында өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

Ынтымақтастықтың мақсаты – мемлекеттік органдар арасында еңбек заңнамасы мен мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет туралы заңнамасын сақтау бойынша іс-қимылды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерді үстеме жұмысқа тарту, еңбек тәртібін бұзудың жолын кесу, еңбек заңнамасы мен мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін жетілдіру болып табылады.

Меморандум шеңберінде мемлекеттік органдардың еңбек және Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын сақтау, мемлекеттік қызметшілерді үстеме жұмысқа тарту, еңбек тәртібін бұзудың жолын кесу мәселелері бойынша бірлескен іс-шаралар өткізу жоспарлануда. Жалпы, Департамент кіруді бақылау және басқару жүйесінің деректеріне тұрақты негізде мониторинг жүргізеді. Тексеру/профилактикалық бақылау жүргізу кезінде мемлекеттік органдарда жұмыс уақыты режимінің бұзылуы анықталған жағдайда оның қорытындылары қалалық Әлеуметтік әл-ауқат басқармасына жіберіледі.

Өз кезегінде, Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы анықталған бұзушылықтар бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жауапты қызметшілердің жауапкершілігін (оның ішінде әкімшілік) қарау бойынша шаралар қабылдауды көздейді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті Меморандум шеңберінде мемлекеттік органдар басшыларының қарауына мемлекеттік органдардың үстеме жұмысының себептерін барынша азайту және жою жөнінде ұсынымдар енгізеді.

БРИФИНГ

Qabilet қабілетті дамытады



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Almaty Daуnu орталығы директорының орынбасары Гүлнұр Кәрімғажы Елбасы академиясының жаңа жобасының іске қосылғаны жөнінде баяндады.

Қолға алынып отырған жаңа Qabilet жобасы дарынды балалар мен дарынды жастардың зияткерлік және жеке әлеуетін іске асыру үшін сүйемелдеуді және қолдауды көздеп отыр. Аталмыш жоба Нұрсұлтан Назарбаев қоры, «Елбасы академиясы» корпоративтік Қоры мен ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен жүзеге асады.

– Бізде баланың бойындағы ерекше қабілетті ерте анықтайтын арнайы халықаралық зерттеулер бар. Ал ата-аналардың міндеті – әрі қарай дамыту. «Елбасы академиясы» осы бағытта жұмыс істейді, – деді Гүлнұр Кәрімғажы.

Qabilet жобасы толығымен қазақстандық оқушыларға бағытталып, авторлық бағдарламалар бойынша іске асырыла бастады. Бұл жөнінде арнайы өкіл «Барлық жерде сұранысқа ие төрт әлемдік дағды бар және олар бойынша шет елде «төрт К» деп аталатын балалар дамиды. Бұл сыни ойлау, шығармашылық, қарым-қатынас және ынтымақтастық. Осы «төрт К» бойынша 10-11 жас аралығындағы оқушылар диагностикадан өтеді, – деп атап өтті.

Daуnu орталығының базасында және Елбасы академиясының Qabilet онлайн-платформасында диагностика мен қабілеттерді анықтау тегін жүргізіледі. qabilet.elbasyacademy.kz тестілеу қорытындысы бойынша қатысушының қабілеті талданып, әлеуетті дамыту бойынша консультациялық қолдау мен ұсынымдарды алуға болады. Сонымен қатар, Qabilet платформасында ата-аналарға арналған жеке кабинет те бар. Ол жерден баланың қандай сынақтардан өткенін, оның бойындағы қандай қабілеттердің дамығанын және оны қай бағытта дамыту керектігін көруге болады. Тестілеуден өткеннен кейін, арнаулы маманның Кәсіби кеңесіне жазыла аласыз. Тестілеу нәтижелері сіздің дұрыс талдау мен таңдау жасауыңызға көмектеседі. Сондай-ақ, балалардың қабілеттерін одан әрі дамыту бойынша ұсыныстарды да алуға болады. Қазірдің өзінде Almaty Daуnu орталығының 10 қызметкері Алматыдағы Нұрсұлтан Назарбаев Қоры базасында арнайы курстан өтіп тұрды.



«БІРГЕ – ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ

«БАБЫН ТАП ТА, БАҚ ӨСІР»

Әуезов ауданында ұйымдастырылған сенбілікте 70-ке жуық ағаш отырғызылды



Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Қыстың да ауылы алыс емес. Енді 1-2 айдан соң айналаны қар басады. Соның алдында барлық аймақты қоқыс пен құраған шөптер мен ағаштардан тазарту мақсатында Әуезов ауданы әкімдігі сенбілік ұйымдастырып, оған аудан тұрғындары қолдау білдірді. «Бірге – таза Қазақстан» акциясы аясында өткен сенбілікте ағаш көшеттері егілді.

Ағаш отырғызу науқанына тұрғындармен бірге Әуезов ауданының әкімі Сайран Сайфеденов те қатысты. «Алматыда баршаңызға белгілі, ағаш отырғызу акциялары жиі ұйымдастырылады. Қаламыздың жасыл қорын қайта қалпына келтіру жұмыстарына өз үлестерін қосып жатқан көпшілікке алғыс айтамын. Әуезов ауданында да бұл іс жалғасын тауып жатыр. Міне, бүгін Үлкен Алматы өзенінің жанына, «Сайран» су қоймасының жоғары жағына ағаш отырғызу жұмыстарын жүргіздік. Алдағы уақытта бұл жер де тамаша демалыс орны болады деп сенемін», – деген аудан әкімі аталмыш акцияға тұрғындардың барлығын қатысуға шақырды.

Сауабы мол шараға қатысқан тұрғындардың бірі айналаны қыста тазартса, енді бірі ағаш отырғызу жұмыстарында белсенділік танытты. «Сенбілік – айналамызды қоқыс қалдықтарынан тазартып, ағаш көшеттерін отырғызып, халықты ауызбіршілікке шақыратын



игілікті іс. Алдағы уақытта осы отырғызған көшеттеріміз саялы көлеңкесін сыйлайтын алып ағаштарға айналса екен деп тілейміз. Біз отырғызған әр түп ағаш өскелең ұрпаққа аманат», – дейді тұрғындар.

«Бабын тап та, бақ өсір» демекші, аудан көлемінде ұйымдастырылған сенбілікте 70-ке жуық ағаш отырғызылды. Аудан әкімінің айтуынша, жыл соңына дейін тағы да 3600 көшет егілмек.



ИНДЕТ

БОСАҢСУҒА ӘЛІ ЕРТЕ



Алматыда коронавирус жұқтырған 1255 науқас ем қабылдап жатыр. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының өкілдері айтты.

19 қазан күнгі ақпарат бойынша, бір тәулікте шаһарда **312 адам** корона-вирус жұқтырған. Мұның ішінде симптомды, жеңіл және орташа деңгейдегі белгілермен – **303**, симптом-сыз **9** науқас тіркелген. Барлық емделіп шыққандар – **113**, келіп түскені – **127**.

Инфекциялық стационарларда (жалпы төсек-орын саны – 3179) **1255 адам** ем қабылдап жатыр. Оның ішінде **31-і бала**. Сондай-ақ, реанимация және қарқынды терапия бөлімінде **129 адам** жатыр. Ал **27 науқас** жасанды тыныс алу аппаратына қосылған. Инвазивті емес жасанды тыныс алу аппарата-сында **72 адам** ем қабыл-

дауды жалғастыруда. High flow-да **20 аппарат** жұмыс істеп тұр.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек мобильді бригадаларының және Телемедицина орталығының амбулаториялық бақылауында **2694 пациент** бар. Оның ішінде вирус белгілері бар, орташа ауыр жағдайда – **2594 науқас**. Ал **100 адамда** коронавируc белгілері жоқ.

Тақырыпқа орай айта кетсек, босаңсуға әлі ертерек. Себебі, Алматы шаһары эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша әлі «қызыл аймақта» тұр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

СІЗ ЕКПЕ АЛДЫҢЫЗ БА?

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Гүлбақыт ИБРАЙЫМОВА,
кітапханашы:

– Вакцина салдырып, иммунитет қалыптастыру арқылы ғана Қазақстан азаматтары коронавирусты жеңіп, барлық шектеулер алынып, халық қалыпты тұрмыс-тіршілігіне қайта оралмақ. Мен өз ауданыма қарасты емханада коронавирус инфекциясына қарсы ресейлік «Спутник V» вакцинасының **II типтік дозасын** салдырдым. Екпе алғаннан кейінгі денсаулығымнан ешқандай да өзгеріс байқалмады. Менің ойымша вирустың жаңа штамы пайда болған кезде вакцина салғызудың маңызы ерекше. Бұл өз денсаулығымыз үшін керек. Біз күрделі уақытта өмір сүріп жатырмыз. Осы қиындықты бірлесіп еңсеруге тиіспіз. Мына әлемді жайлаған індеттің таралу қаупін тек екпе салдыру арқылы ғана төмендете аламыз. Сол себепті, барша халықты коронавирустан қорғану үшін екпе салдыруға шақырамын.



Елбек МАТҚҰРБАНОВ,
студент:

– COVID-19 індетіне қарсы өз еркіммен **Hayat-Vax** вакцинасын салдырдым. Екпе алмас бұрын арнайы тексерістен өттім. Дене қызуым, қан қысымым мұқият тексерілді. Содан кейін қағаз жүзінде келісімді бердім. Екпе салып болған соң бір сағаттай сол жерде медицина мамандарының бақылауында болдым. Менде бәрі жақсы, кері әсері байқалмады. Барша қала тұрғындарын вакцина салдыруға шақырамын. Өзімізді және жақындарымызды індеттен қорғайық!



Әзірлеген
Ақтолықын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ЖАҢАЛЫҚТАР

Ковид-ауруханалар жабылды



Әлем бойынша бүгінге дейін **5 миллионға жуық адам** коронавирустан көз жұмған. Кейбір мемлекетте індет әлі дес бермей тұр. Осындай жағдай бізде де

болмау үшін Қазақстанда иммундау шаралары белсенді түрде жүргізіліп жатыр. Алайда, Денсаулық сақтау министрі А.Цойдың сөзіне сүйенсек, соңғы кезде Нұр-Сұлтан қаласы мен Маңғыстау және Қостанай облыстарында халықты вакциналау деңгейі төмендеп кеткен. Ал біздің Алматы бұл тұрғыда алда келеді.

Қабылданған қатаң іс-шаралардың нәтижесінде өткен екі аптада елімізде коронавирусты жұқтыру көрсеткіші **17%** төмендеген. Ауруханаларда наукастар

саны азайған. Нәтижесінде тамыз–қазан айларында бүкіл ел аумағында уақытша ашылған инфекциялық нысандар жабылды. Нақтырақ айтсақ, биылғы 25 тамыз бен 18 қазан аралығында елімізде COVID-19-бен күреске жұмылдырылған **103 нысан** жабылған.

«Эпидемиологиялық ахуалдың тұрақталуы мен халықтың **70%-ының** вакцина салғызғанын ескере отырып, ведомствоаралық комиссия отырысында карантин шараларын жеңілдету туралы шешім қабыл-

данды. Енді вакцина алған немесе **ПТР-тест** тапсырған азаматтардың медициналық-әлеуметтік нысандарға кіруіне рұқсат беріледі. Түнгі клубтардың қызметі жанданады. «Жасыл аймақтағы» орындар таңғы беске дейін, ал «сары аймақтағылар» 03.00-ге дейін жұмыс істей алады. Тұмау маусымы басталғандықтан, аурудың бұл түріне қарсы екпе салғызу науқаны да басталып кетті. Бүгінге дейін 1 миллион 400 мың адам осы екпені алып үлгерді», – деді министр.

ВАКЦИНА

Отандық тағы бір вакцина



Ақтолықын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

QazCoVac-P атты тағы бір қазақстандық вакцинаны клиникалық сынақтан өткізудің екінші сатысы басталды. Бұл туралы Биологиялық қауіпсіздік институтының ғалымдары мәлімдеді.

Олардың айтуынша, отандық екпе **200-ге жуық** адамға сынақ ретінде егіледі. Ғалымдар препараттың инфекциядан қаншалықты қорғайтынын, сондай-ақ қауіпсіздік деңгейін бақылап көреді. Мамандардың пікірінше, жаңа вакцинаның әсері барынша жеңіл болмақ. Ғылыми-зерттеу институтында **QazCoVac-P** вакцинасымен қоса тағы екі векторлық вакцина жасалып жатыр. Ал «дельта» штамының негізіндегі екпе дайын тұр. Ғалымдар бұл препараттарды жануарларға да сынап көрген. Қазір вакциналардың сақталу мерзімі тексеріліп жатыр. Сынақ сәтті өтсе, қорытындысы лицензиясы бар әлемдік ғылыми журналдарда жариялануға тиіс.

«Бізге вакцинаны таңдауға болады. Адам ревакцинацияға қай вакцинаны алса да, ол тиімді болады. Өндіруші иммундық жауаптың жақсы типі болуы үшін екі дозаны салу керек десе, екі дозаны да саласыз», – дейді зертхана меңгерушісі Нурика Асанжанова.

QazVac артықшылықтары



ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының зертхана меңгерушісі Нурика Асанжанова коронавируcқа қарсы отандық **QazVac** вакцинасының **3 негізгі артықшылығын** атады.

«Біріншіден, вакцинаны

сақтау талаптары қарапайым. Кәдімгі тоңазытқышта. Тасымалдау және сақтау кезінде ұстап тұру қиын болатын минус 20, не минус 70 градусты қатырудың қажеті жоқ. Екіншіден, вакцина – қауіпсіз. Себебі, ол инактивтендірілген, басқаша айтқанда «өлтірілген». Үшіншіден, тиімділігі жоғары. Өзге технологиялармен салыстыратын болсақ, біздің вакцина тұтас вирустан жасалады. Қарапайым тілмен айтсақ, вакциналанған ағзаға вирус енген жағдайда, антиденелер алдын ала сақ тұрады. Сырқаттармен тиімді күресуге мүмкіндік беретін иммунологиялық жады іске қосылады», – деді Нурика Асанжанова.

Фейкке құлақ аспаңыз

«Қазақстанда балаларға коронавируcқа қарсы екпе салу науқаны ауылдық жерлерден басталады». Әлеуметтік желілерде осындай ақпарат тарауда.

«Ауылдықтар мұндай препараттардың бары және оның зияны туралы да мүлдем білмейді, сондықтан осындай шешім қабылданған», – делінген ақпаратта. Мұны ҚР Денсаулық министрлігі жоққа шығарды.

«Бұл ақпарат шындыққа мүлдем жанаспайды. 12 жастан асқан балаларға салуға рұқсат етілген Pfizer



er/BioNTech өндірісінің вакцинасы Қазақстанға әкелінген емес. Сондай-ақ, балаларға коронавируcқа қарсы екпе салу да жоспарда жоқ. Балаларға екпе салу ата-анасының келісімімен және баланың тұратын мекенжайына ешқандай қатыссыз жүзеге асырылады», – делінген ведомство хабарламасында.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

ҰЛЫБРИТАНИЯ елінде «дельта» штамының **A-Y 4.2** деген жаңа түрі пайда болды. Аталған вирус бұрынғы нұсқаларға қарағанда **15%-ға** жұқпалырақ көрінеді. Бүгінге дейін британ жерінде ковид жұқтырған азаматтардың **10%-нан** дәл осы вирус анықталған.

ЛАТВИЯ жерінде бүгіннен бастап **1 айға** қатаң локдаун енгізілді. Себебі, соңғы бір аптада вирусты жұқтыру дерегі бірден **49%-ға** өсіп кеткен. Сөйтіп, вирустың өршуінен ауруханаларда пациенттер саны күрт көбейіп, денсаулық сақтау саласына қайтадан күш түскен. Мамандар бұл жағдайды тұрғындар арасында жаппай вакциналау науқанының баяу жүріп жатқанымен түсіндірді. Өйткені, Латвияда ересек адамдарды вакциналау Еуроодақтың өзге елдеріне қарағанда төмен. Кәрі құрлықта карт адамдардың **74%-ы** толық егілсе, Латвияда тек **54%-ы** ғана вакциналанған.

РЕСЕЙ жерінде бір тәулікте **1015 адам** ковидтен көз жұмған. Ал бір күн ішінде **33 мыңнан астам** тұрғын вирус жұқтырған. Соған орай, өңірлерде шектеу шаралары күшейтіліп жатқан көрінеді. Мәскеудің жұмыс берушілері қызметкерлерінің **30%-ын**

қашықтан жұмыс істеу режиміне ауыстыруы мүмкін. Ал қызмет көрсету саласында еңбек ететіндерге вакцина қабылдау міндеттелмек. Яғни жұмысшылардың **80%-ы** екпе алуы тиіс. Сондай-ақ, вакцина салдырмаған егде адамдар мен созылмалы ауруы бар азаматтар толықтай оқшаулануы шарт деп отыр жергілікті мамандар.

АФРИКА еліндегі Бурунди қаласында вакциналау науқаны енді ғана басталды. Бұл елде екпені ең алғаш министрлер, сосын медицина қызметкерлері қабылдап жатыр. Бұған дейін Қытай билігінің біраз елге тегін екпе бөлгенінен хабардармыз. Солардың қатарында осы Бурунди де бар. Бүгінде қалаға екпенің **500 мың** дозасы жеткізілген.

РУМЫНИЯ да вакциналаудың баяу жүруінен зардап шегіп жатқан мемлекеттердің бірі. Өлім-жітім көбейген. ДДСҰ-ның мәлімдеуінше, бұл ел қазір әлемде **COVID-19-дан** тәуліктік қайтыс болғандар көрсеткіші бойынша алда тұр. Соңғы бір аптада дерттен **260 адам** көз жұмған. Ковидтен көз жұмғандардың **93%-ы**

вакциналанбаған азаматтар көрінеді. **19 млн.** халқы бар Румынияда карттардың **23%-ы** ғана егілген екен.

УКРАИНА да вируcқа төтеп бере алмай отыр. Ол індеттің «төрінші толқынымен» күресіп жатыр. Вирустан соңғы тәулікте **538 адам** қайтыс болған. Олардың тең жартысы кәмелеттік жасқа толмаған балалар екен. Қазір Украинаның **5 облысы** қауіпті «қызыл аймаққа» енгізіліп, карантин режимі қатандатылған. Кинотеатр, кафе, мейрамхана және өзге де қоғамдық орындарға келушілер мен ондағы қызметшілер **100% екпе** алғанда ғана бизнес нысаны өз жұмысын жалғастыра алады. Президент талабы солай.

ЕУРООДАҚ тұрғындарының **75%-ы** ковидке қарсы екпе алған. Сонымен қатар, Еуропалық одақ елдері әлемнің **150** мемлекетіне **COVID-19-ға** қарсы **1 млрд.** доза вакцинаны экспорттаған. Таяу арада **ЕО** өзге мемлекеттерге тағы **500 млн.** доза вакцина жөнелтуді көздеп отыр.

Нұр ЖАМАЛ.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

Бүкіл халқымыз заман ағымына ілесе білуге тиіс. Өзгерістерге бейімделе алатын жәрт қана уақыт тынысын дөп басады. Біз білімді әрі білікті, ұқыпты және жауапты, іскер де еңбекқор жәрт болуымыз қажет... Оған қоса, әркімнің жеке қасиеті мен мақсаты елдік мүддемен тығыз астасып, патриотизмге ұласуы керек. Сонда ғана мемлекетшілдік идеясы басты құндылыққа айналады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

«БАҒДАРЫМЫЗ – БЕЛГІЛІ,
ТАҢДАУЫМЫЗ – АЙҚЫН,
МАҚСАТЫМЫЗ – БИІК»Төрехан
ДАНИЯРОВ

2014 жылды қорытындылаған алқа-
лы басқосуда Тұңғыш Президент 2015
жылғы басымдықтар мен міндеттерді
саралай келе алдағы басты оқиғалар
мен мерекелі даталарға тоқталған еді.

Расында да 2015 жыл еліміз үшін ма-
ңызды айтулы даталармен есте қалды. Қа-
зақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан
Республикасы Конституциясы мен Қазақ-
стан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы,
Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Жеңістің
70 жылдығы тойланды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының
жылы деп белгіленіп, мерекеленген бұл
кезең көп этносты елімізде ұлттық рухани
құндылықтар мен салт-дәстүрлердің жан-
данған, жаңарған көріністерімен де бірлік
пен татулықтың рухын асқақтатты.

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда

ұйымына өтуі мен Еуразиялық экономи-
калық одақтың жұмыс істей бастауы да
осы жылдың еншісінде. Қазақстандық-
тарды дәстүрлі Жаңа жыл мерекесімен
құттықтауында Елбасы: «Бағдарымыз –
белгілі, таңдауымыз – айқын, мақсаты-
мыз – биік. Баршаға шұғыла шашатын
«Нұрлы жол» бүкіл еліміздің күретама-
рына айналды», – деді.

Ал жылдың басты саяси оқиғасы ретін-
де сәуір айында өткен Президент сайлауын
айтуға болар. Оған электораттың 95,22 па-
йызы қатысып, оның ішінде сайлаушылар-
дың 97,75 пайызы Нұрсұлтан Назарбаевқа
дауыс берді. Бұл Елбасы беделінің айқын-
дылығы мен оның 5 институттық реформа-
ға негізделген сайлауалды стратегиялық
бағдарламасының халықтық сипатпен ты-
ғыз ұштасқандығын білдірсе керек. Сай-
лауға әлемнің 37 елінен, халықаралық
ұйымдардан келген байқаушылар сайлау-
дың ұйымдастырылуының жоғары дең-
гейін, әділдігін ерекше атап өтті.



Accession of the Republic of Kazakhstan to the WTO

22-23 маусымда Қазақ Елінің ДСҰ-на кіруіне байланысты келіссөздер мәресіне
жетті. Қазақстан ресми түрде Дүниежүзілік сауда ұйымының құрамына енді.

Мемлекет басшысы 2015 жылы өткен
ҚХА-ның XXII сессиясында Ассамблеяның
туған күні – 1 наурызды жаңа мереке –
Алғыс айту күні деп белгілеуді ұсынды.
Бұл күн – мейірімділіктің, бүкіл қазақ-
стандықтардың бір-біріне деген достығы
мен махаббатының жарқын мерекесіне
ұласпақ. Алғыс айту күні алғаш рет 2016
жылы аталып өтті. Осы жылы сонымен

қатар, Қазақстанда атақты ғылым және
мәдениет қайраткерлерінің мерейтойла-
ры: көрнекті шығыстанушы, ғалым Шо-
қан Уәлихановтың 180 жылдығы, Ұлы
Абайдың 170 жылдығы және аса көрнекті
жазушы Илияс Есенберлиннің 100 жыл-
дығы тойланды.

Тәуелсіздік шежіресі

9 қаңтар



Мемлекет басшысы Германияның Фе-
дералдық Канцлері Ангела Меркельмен
кездесіп, екіжақты келіссөз аясында эконо-
микалық ынтымақтастық мәселелері
талқыланды.

25 ақпан

«Қазақстан Республикасы Президи-
дентінің кезектен тыс сайлауын тағайын-
дау туралы» Президент Жарлығы шықты.
«Қазақстан Республикасы Президентінің
кезектен тыс сайлауы 2015 жылдың 26
сәуіріне тағайындалсын» делінген онда.

12 наурыз

Nur Otan партиясының XVI съезінде
Мемлекет басшысы сөз сөйлеп, өзінің Бес
институттық реформасын жариялады.
Осы съезде Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ-
стан Республикасы Президентінің сай-
лауына кандидат ретінде ұсынылды.

20 наурыз



Нұр-Сұлтанда Қазақстан, Ресей, Бела-
русь мемлекеттері басшылары – Нұрсұл-
тан Назарбаев, Владимир Путин, Алек-
сандр Лукашенко бас қосып, үшжақты
кездесу өтті.

2015
ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ
ОҚИҒАЛАРЫ

10 сәуір



Мемлекет басшысы «Елбасымен бірге –
жаңа жеңістерге!» атты жастар форумына
қатысты. Форумға Қазақстанның бүкіл
өңірінен 2000-нан астам адам қатысты,
олардың қатарында «Жас Отан» жастар
қанатының белсенділері, мәслихаттардың
жас депутаттары, кәсіпкерлер, ғалымдар,
танымал спортшылар және жастардың ір-
гіз ұйымдарының көшбасшылары бар.
Іс-шара қорытындысы негізінде «Елбасы-
мен бірге – жаңа жеңістерге!» жастар фо-
румына қатысушылар Қазақстан жастары-
на арналған Үндеу қабылдады.

16 сәуір



Қазақстанға мемлекеттік сапармен
Түркия Президенті келді. Нұрсұлтан На-
зарбаев пен Реджеп Тайып Ердоғанның
екіжақты келіссөздерінен кейін Қазақстан

1. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы.
2. Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы.
3. Қазақ хандығының 550 жылдығы.
4. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының бесінші съезі.
5. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына өтуі.
6. ҚР Конституциясының 20 жылдығы.
7. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.

мен Түркия арасындағы Жоғары деңгейлі
стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің
қорытындысы бойынша Бірлескен мәлім-
деме және «Жаңа Синергия» бірлескен
экономикалық бағдарламасының Іс-шара-
лар жоспарының маңызын арттыру
жөнінде Хаттама қабылданды.

26 сәуір

Қазақстан Республикасы Президи-
дентінің сайлауы өтіп, оның нәтижесі
бойынша exit-poll қорытындысы жария-
ланды: Сайлаушылардың 97,5 пайызы –
Н.Назарбаевқа, 1,87 пайызы – Т.Сызды-
қовқа, 0,63 пайызы – А.Құсайыновқа
дауыс берді. Үш күннен кейін, 29 сәуірде
Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Пре-
зиденті қызметіне ресми кірісуіне орай
салтанатты Ұлықтау рәсімі болды.

7 мамыр

Мемлекет басшысы – Қарулы Күш-
тердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Нұрсұл-
тан Назарбаевтың қатысуымен Елордада-
ғы «Қазақ елі» алаңында Отан қорғаушы
күніне және Ұлы Отан соғысындағы
Жеңістің 70 жылдығына арналған әскери
шеру өтті. Бұл күні «Жерұйық» саяба-
ғында батыр панфиловшыларға арналған
монумент салтанатты түрде ашылды.

8-9 мамыр

Елбасы Мәскеуде өткен ТМД-ға мүше
елдер Мемлекет басшылары кеңесінің бей-
ресми саммитіне, сондай-ақ, Жоғары Еура-

10 маусым

Елордадағы Бейбітшілік және келісім
сарайында Әлемдік және дәстүрлі діндер
лидерлерінің V съезі ашылды.

22-23 маусым

Қазақстан ресми түрде Дүниежүзілік
сауда ұйымының құрамына енді. Қазақ
Елінің ДСҰ-на кіруіне байланысты келіс-
сөздер мәресіне жетті. Осыған орай,
еліміздің Дүниежүзілік сауда ұйымына
кіруінің мақсат-мүддесін айқындап, ма-
ңызды тұжырымдаған Елбасының Қа-
зақстан халқына Үндеуі жарияланды.
«Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше
болу біздің экономикамызды жаңа көк-
жиектерге бастайды. Кәсіпорындарымыз-
дың шет ел нарықтарына шығуын қамта-
масыз етеді. Ал тұтынушылар үшін
тауарлар мен қызметтердің кең ауқымына
таңдау жасауға жол ашады. Бүгінде сауда-
саттығымыздың 90 проценті Дүние-
жүзілік сауда ұйымына мүше елдерге
тиесілі. Қазақстан шетелдік инвесторлар
мен серіктестер үшін бұрынғыдан да тар-
тымды бола түседі. Жаңа өндірістер мен
жұмыс орындарын ашуға мүмкіндіктер
туады», – деді Президент.

30 ЖЫЛДЫҢ 30 СӘТІ



11 қыркүйекте Мемлекет басшысының қатысуымен Елордада Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті.

27 шілде

Швейцарияның Женева қаласында Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына ресми қабылдау шарасы өтті. Оған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысты.

2 қыркүйек

Тағы бір қазақ азаматы ғарышқа ұшқан күн! Байқоңыр ғарыш айлағынан қазақстандық ғарышкер Айдын Айымбетов «Союз ТМА-18М» кемесімен ғарышқа бет алды.

3 қыркүйек

Қытай астанасы Пекиннің Тяньаньмэнь алаңында Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 70 жыл толу мерейтойына орай және қытай халқының Жапониямен соғыстағы жеңісінің 70 жылдығына арналған масштабты әскери шеру өтті. Шеруге 12 мыңға жуық әскери адамдар, 500 техника, 200 ұшақ және әлемнің 17 елінен мыңға жуық шетелдік әскери қызметкерлер қатысты. Салтанатты шараға Қазақстан, Ресей, Беларусь, Чехия, Өзбекстан, Тәжікстан, Оңтүстік Корея, Вьетнам, Тайланд және тағы басқа елдердің президенттері қатысты.

11 қыркүйек

Мемлекет басшысының қатысуымен Елордада Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиналыс өтті.

28 қыркүйек

Қазақстан Республикасының Президенті Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының сессиясына қатысып, әлемдік саясатқа байланысты жалпы пікірталаста сөз сөйледі.

8 қазан

Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Жамбыл облысына барып, Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Таразда өткен шараларға қатысып, сөз сөйледі.

3 қараша



Ұлыбритания Премьер-министрі Дэвид Кэмеронның шақыруы бойынша Нұрсұлтан Назарбаев осы елге ресми сапармен барды. Сапар нәтижесінде 13 миллиард доллардың келісімдеріне қол қойылды.

5 қараша

Нұрсұлтан Назарбаев Франция Президенті Франсуа Олландтың шақыруымен Францияға ресми сапармен барып, келіссөздер қорытындысында бірлескен Декларация қабылданды.

15 желтоқсан

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне арналған салтанатты жиын өтті. Алқалы жиында Елбасы сөз сөйлеп, Тәуелсіздік жылдары республикамыз тарихи даму тұрғысынан ғажайып секіріс жасағанына тоқталды: «Бабаларымыз ұмтылған аңсарлы мақсат – Тәуелсіздікке біздің ұрпақ қол жеткізді. Сондықтан да бұл күн тұтас ұрпақтардың орындалған арманын білдіретін қуанышты әрі маңызды мереке болып саналады... Біздің Қазақстан – Ұлы Дала Елі, Жаңғырған Ұлы Дала Елі. Бұл біздің асқақ аңсарымыз әрі ерекше мақтанышымыз. Қазақстандықтардың болашақ ұрпағы біздің жетістіктерімізді лайықты бағалап, мақтан тұтарына еш күмән жоқ. Олар біздің тәжірибемізден даналықтың, сындарлы іс-әрекеттің және кез келген қиындықтың алдында иілмес беріктіктің үлгісін көретін болады, – деді Президент.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқын Жаңа жылмен құттықтауынан:

«Тарих қойнауына аттанғалы тұрған жыл еліміз үшін жемісті болды. Қазақстан дағдарысқа қарамастан, өзінің құтты қадамын жалғастырды. Биыл біз тарихы тереңде жатқан тамырлы халық екенімізді баршаға әйгіледік. Ұлы Далада ұлт атауымен мемлекет құрған бабалар рухына тағзым еттік. Жаңа Қазақстанның қалыптасуына негіз қалаған Ата Заңымызды ұлықтадық. Бақ-берекеміздің ұйытқысы – Қазақстан халқы Ассамблеясының беделін биіктеттік. Ардагерлерімізді ардақтап, Ұлы Жеңістің мән-маңызын ұрпақтың санасына сіңірдік. Қазақтың үшінші ғарышкері көк жүзіне самғап, мерейімізді өсірді. Саудамыз сапалы, тауарымыз тартымды болуы үшін Дүниежүзілік Сауда Ұйымына мүше болдық. Биылғы Президент сайлауында бірлігі бар ел екенімізді тағы да дәлелдедік».

ЖЫЛ ТҮЙІНІ:

Жаңа Президенттік мерзімге сайланған Нұрсұлтан Назарбаев сайлау өтісімен өзінің 100 нақты қадамнан тұратын Ұлт жоспарын ұсынды. Осыған орай Ұлттық комиссия құрылды. Ел Парламенті жыл аяғына дейін бұл реформаларға заңдық сипат беріп, алпысқа жуық заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер қабылдады. Мұның өзі бүкіл әлемді тығырыққа тіреген дағдарыстық кезеңнен өтудің қазақстандық жолдың тиімді де сәтті бағдар болғанын өмірдің өзі дәлелдеп берді. Еліміздің даму жолындағы осы жеңісті жолдардың бірлікпен және келісіммен астаып жатқандығын Елбасы да жылдың қорытынды жиынында жақсы айтты: «Жыл басында өткен президент сайлауы біздің табысты түрде болашағы біртұтас ұлтқа айналып келе жатқанымызды көрсетті. Бірлік пен келісімді сақтап, нығайту оңай жұмыс емес. Ол даналық пен көргенділікті, көргендік пен еліміздің барша азаматтарының өзара сыйластығын қажет етеді. Ғылым Жер бетіндегі әрбір этнос кемінде бір ерекше қасиетке ие екенін айтады. Біздің өміріміз Қазақстандағы 100 этностың 100 айрықша және қайталанбас қасиеті бар екенін көрсетіп отыр. Соның бәрі жиналып келіп біздің Біртұтас Ұлтымыздың бірегей басымдылығын құрайды. Қазақстанның әрбір этносы – біздің байлығымыз. Көпэтностылық – біздің ортақ ұлы қазынамыз. Қазақстан халқы Ассамблеясы, міне, 20 жыл бойы осы байлықтың басты қорғаушысы міндетін табысты атқарып келеді. Тәуелсіз Қазақстан – біздің үлкен отбасымыз және ортақ шаңырағымыз», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне арналған 2015 жылы өткен салтанатты жиында Елбасы жылды қорытындылай келе: «Қиындықтарға қарамастан, тәуелсіздіктің 24-ші жылы жадымызда көптеген жан толқытарлық, Қазақстан үшін айрықша мәні бар оқиғаларымен есте қалады. Біз экономикамыздың оң өсімін сақтадық. Индустриялық дамудың екінші бесжылдығы және «Нұрлы жол» бағдарламасы басталды. 2015 жылы 800 миллиард теңгенің 120 жобасы іске қосылды, 10 тұрақты жұмыс орны ашылды, мыңдаған шаршы метр баспана пайдалануға беріліп, оларға жастар мен аз қамтылған отбасылар қоныстанды... Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына кірді. Еуразиялық экономикалық одақ жұмысын бастады. Биыл Қазақстан әлемдік жетекші экспорттаушылардың елулігі қатарына қосылып, 43-орынды иеленді. Бізде ширақ, сауатты, жаңашыл жастар буыны өсіп келеді. Әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының қатарына қосылған Назарбаев Университетінде даярланған алғашқы 500 маман биыл бітіріп шықты. Қазақстан МАГАТЭ-мен бірлесіп, Ядролық отын банкі құрды, ол біздің елге орналас-тырылады. Үшінші ғарышкеріміз Айдын Айымбетов Жер төңірегіндегі орбитаға сапар шекті. Біз Ұлт жоспарын орындауға кірістік. Оны Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында жүзеге асыра бастағанымыздың да символдық мәні бар», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

(Деректер мен суреттер ашық интернет көздерінен алынды).

СТАТИСТИКА:

2015 жылы Президент 700-ге жуық протоколдық шараға, 100-ден астам кездесуге, 11 мемлекетаралық саммитке, 5 халықаралық форумға қатысқан екен. Республика өңірлеріне 19 рет, шет елдерге 20 рет ресми сапарға шықты. Бір жыл ішінде барлығы 168 Заң қабылданып, 216 Жарлыққа қол қойылды.



Елбасы және қазақтың үш Батыры.

2 қыркүйек күні үшінші қазақ азаматы ғарышқа ұшты! Байқоңыр ғарыш айлағынан қазақстандық ғарышкер Айдын Айымбетов «Союз ТМА-18М» кемесімен көкке көтерілді.

ДҮЙСЕНБІ
25 ҚАЗАН

Almaty™ АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
6.30 Дала сазы
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия
10.00 Sau bolashaq
10.15 Мультфильм
12.00 Телесериал. Опережая
выстрел 7, 8 серия
14.00 Өмір иірімі
14.50 Qyzyq chat
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 ТҰСАУКЕСЕР!
Телехикая. Жер мен
Көк 7, 8 серия
16.30 Үздік әзілдер
17.30 Телехикая.
Тракторшының
махаббаты 4 серия
18.30 Бақытты отбасы
19.00 Қорытынды
жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Басты назарда
(тікелей эфир)
20.40 ТҰСАУКЕСЕР!
Телехикая. Өткінші
жаңбыр 1, 2 серия
21.55 Телехикая.
Тракторшының
махаббаты 5 серия
22.40 Әсем әуен
23.00 Қорытынды
жаңалықтар/Итоговые
новости
0.00 ТҰСАУКЕСЕР!
Телехикая.
Ғажайыпсың 11 серия
1.10 Басты назарда
(қайталау)
1.40 Әсем әуен
2.30 Телехикая. Әр жерде
сен 31 серия
3.15 Сәуле-ғұмыр
4.00 Дала сазы
4.30 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Ауылдастар»
6.25 «Күміс көмей».
Ұлттық музыкалық-
танымдық
бағдарлама
7.00 «TANSHOLPAN».
Таңғы ақпаратты-
сазды бағдарлама.
Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Тағдыр жалыны».
Телехикая
12.00 «Ақжауын».
Телехикая.
13.00 AQPAPAT
13.10 «Qyzyq екен...».
14.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР».
Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.15 «Apta».
Сараптамалық
бағдарлама.
16.05 «Қанатсыз құстар-2».
Телехикая.
17.00 AQPAPAT
17.15 «QYZYQ ЕКЕН...».
18.00 «ТАҒДЫР ЖАЛЫНЫ».
Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ».
Қоғамдық-саяси
ток-шоу.
Тікелей эфир.
21.30 «АҚЖАУЫН».
Телехикая.
22.30 «ЖАТ МЕКЕН».
Телехикая.
23.30 «Қазақ елі».
Телехикая.
0.25 «САНА». Ток-шоу.
1.30 AQPAPAT
2.05 «Ashyq alaŃ».
Қоғамдық-саяси
ток-шоу.
2.55 «Теледәрігер»
3.45 Әнұран

ХАБАР

6.00 ҚР Әнұраны
6.00 «Біреудің есебінен»
деректі драмасы
7.00 Тікелей эфирде
«Таңғы хабар»
10.00 Документальный
фильм «Суверенитет.
418 дней до
Независимости»
11.00 Әсем әуен
11.45 Телехикая.
«Пәленшеевтер»
13.00 Телехикая. «Бәсеке»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Телесериал. «Тот,
кто читает мысли
(Менталист)»
17.00 Телесериал.
«Позывной «Стая»
18.00 Мегахит.
20.00 Қорытынды
жаңалықтар
20.30 Тұсаукесер! «Бизнеске
бағыт». Тікелей эфир
21.00 Итоги дня
21.30 Тұсаукесер! Телехикая.
«Қақпан»
22.30 Премьера!
«Национальный
интерес с Ерланом
Бекхожиным»
23.45 Телехикая.
«Пәленшеевтер»
0.15 Телесериал. «Тот,
кто читает мысли
